

**МЕШІТ КӨПТІК ЕТПЕЙДІ...**

8-БЕТ | ИМАНТАРАЗЫ



**ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҰЛЫҚТАЙЫҚ**

9-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

НЕБӘРІ БІР ЖЫЛДА МҰНДАЙ АУҚЫМДЫ ЖҰМЫСТЫ ІСКЕ АСЫРУ – НАҒЫЗ ЖАСАМПАЗ ЖҰРТТЫҢ ҒАНА ҚОЛЫНАН КЕЛЕТІН ШАРУА. БІЗ ОТАНЫМЫЗДЫ ӨРКЕНДЕТУ ЖОЛЫНДА ЗОР БЕТБҰРЫС ЖАСАП, ЖАҢА ДӘУІРГЕ ҚАДАМ БАСТЫҚ. БІРАҚ ӨЗГЕРІСТЕР МҰНЫМЕН БІТПЕЙДІ. БҰЛ ҰЗАҚ ЖОЛДЫҢ БАСЫ ҒАНА. РЕФОРМАЛАР ЖАЛҒАСА БЕРЕДІ, САЯСИ ҚҰРЫЛЫМДЫ ЖЕТІЛДІРУ ҚАЖЕТ. БҰЛ – АСА МАҢЫЗДЫ ЖҰМЫС.

№37
(4470)
Бейсенбі
30 наурыз
2023 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



# ЕЛІМІЗДІҢ МАҚСАТЫ – ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуына қатысты. Президент VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясын ашық деп жариялаған соң сайлауда жеңіске жетіп, депутат мандатына ие болған азаматтардың қызметіне табыс тіледі.

Мемлекет басшысы бір жылдың ішінде еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде болған негізгі өзгерістерге тоқталып, жүзеге асырылған реформалар «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидасына негізделгенін атап өтті.

– Бұл қағида – мемлекетіміздің басты тірегі. Референдумнан кейін Конституцияның жаңа талаптарына сай билік тармақтарын түгел жаңғыртуға кірістік. Халықтың да көптен күткені осы еді. Конституциялық өзгерістерге сәйкес Президент сайлауы, Сенат, Мәжіліс және мәслихаттар сайлауы өтті. Референдумды қосқанда бір жылға жуық уақыттың ішінде өте маңызды бес саяси науқан өткізілді. Оның бәрі аса күрделі кезеңге тұспа-тұс келді. Қаншалықты күрделі болса да, біз еліміз үшін өте қажет жолды қысқа мерзім ішінде жүріп өттік, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

2-3

## ЕЛОРДАДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АЙЛЫҚ ӨТЕДІ

Астанада 8 сәуірден 6 мамырға дейін «Жасыл Астана» экологиялық айлығы ұйымдастырылады.

Санитарлық тазалау, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарына кәсіпорындар мен мекемелер, сондай-ақ қала жұртшылығы жұмылдырылады.

Экологиялық айлық аясында 2 жалпықалалық сенбілік (15 сәуір және 6 мамыр) және 3 коммуналдық сенбілік (8, 22 және 29 сәуір) өткізіледі.

6



## ҮКІМЕТ ӨЗ МІНДЕТІН АТҚАРА БЕРЕДІ

Жаңадан сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің алдында ҚР Үкіметі өкілеттігін доғарды. Жаңа құрам бекітілгенге дейін Үкімет өз міндеттерін атқаратын болды, деп хабарлады Ақорданың баспасөз қызметі.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 70-бабының 1-тармағына, «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 4-бабына сәйкес жаңадан сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің алдында Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілеттігін доғаруына байланысты қаулы етемін.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жаңа құрамы бекітілгенге дейін Қазақстан Республикасының Үкіметі өз міндеттерін атқаратын болсын» деп жазылған ҚР Президентінің Жарлығында.

## ӘКІМДЕРДІ ХАЛЫҚ САЙЛАЙДЫ

Биыл елімізде 45 аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін тікелей сайлау өтеді. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші сессиясында айтты.

«Реформалар жалғаса береді, саяси құрылымды жетілдіру қажет. Бұл – аса маңызды жұмыс. Биыл алғаш рет 45 аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін тікелей сайлау өтеді.

Содан кейін еліміздегі барлық аудан әкімдерін сайлайтын боламыз. Осылайша, биліктің барлық институттары жаңарып, тың қарқынмен жұмыс істей бастайды. Біз саяси үдерісті демократияландырып, азаматтардың мемлекетті басқару ісіне қатысу мүмкіндігін кеңейте береміз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

№37 (4470) 30/03/2023 Бейсенбі

# ЕЛІМІЗДІҢ МАҚСАТЫ –

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ БІРІНШІ СЕССИЯСЫНЫҢ АШЫЛУЫНДА

**ҚҰРМЕТТІ ЖИЫНҒА ҚАТЫСУШЫЛАР!**

Қазақстан Республикасы Конституциясының 59-бабына сәйкес VIII шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясын ашық деп жариялаймын.

**ҚҰРМЕТТІ ПАРЛАМЕНТ ДЕПУТАТТАРЫ! ҚАДІРЛІ ҚАУЫМ!**

Баршаңызды жаңадан сайланған Парламенттің алғашқы сессиясының ашылуымен құттықтаймын! Сайлауда жеңіске жетіп, депутат атанған азаматтардың қызметіне табыс тілеймін! Сіздер мемлекетімізді дамыту және ел мүддесін қорғау ісіне үлес қосасыздар деп сенемін.

Мен бір жыл бұрын, осы ғимаратта халыққа жолдауымды жарияладым. Еліміз үшін аса маңызды сәтте саяси жаңғыру бағдарламасын ұсындым. Бастамаларымыз жұрттың шынайы қолдауына ие болды. Оған былтырғы референдумда айқын көз жеткіздік. Біз тәуекелге бел буып, бірден іске кірістік. Бір жылдың ішінде ауқымды жұмыс атқарылды. Конституциялық реформа арқылы бүкіл жүйені өзгертетін қадамдар жасалды. Президент жеті жылға бір рет қана сайланатын болды. Сондай-ақ Парламенттің құзыреті мен қызметі қайта қаралды. Депутаттардың рөлі едәуір күшейді. Конституциялық Сот құрылды. Бүкіл сот жүйесіне түбегейлі реформа жасау басталды. Адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға қатысты жұмыс жаңаша сипат алды. Азаматтардың саяси өмірге емін-еркін араласуына жол ашылды. Реформаларымыз «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидасына негізделді. Бұл қағида – мемлекетіміздің басты тірегі.

Референдумнан кейін Конституцияның жаңа талаптарына сай билік тармақтарын түгел жаңғыртуға кірістік. Халықтың да көптен күткені осы еді. Конституциялық өзгерістерге сәйкес Президент сайлауы, Сенат, Мәжіліс және мәслихаттар сайлауы өтті. Референдумды қосқанда бір жылға жуық уақыттың ішінде өте маңызды 5 саяси науқан өткізілді. Оның бәрі аса күрделі кезеңге тұспа-тұс келді. Қаншалықты күрделі болса да, біз еліміз үшін өте қажет жолды қысқа мерзім ішінде жүріп өттік. Қазақстанның жаңарып, жаңғыра бастағанына жұрттың көзі жетті.

Кешегі сайлауда партиялармен қатар көптеген азаматымыз бірмандатты округтен өзін-өзі ұсынды. Осылайша, халқымыз маңызды өзгеріске өз үлесін қосуға дайын екенін дәлелдеді. Елімізде жаңа азаматтық, саяси мәдениет қалыптасып жатыр. Мен сайлауға белсене қатысқан барша азаматқа алғыс айтамын. Бұл науқан, шын мәнінде, бұрынғыдан ерекше, өзгеше болды. Сайлау науқаны шынайы бәсеке жағдайында, ашық өтті. Үгіт-насихат кезеңін және дауыс беру барысын ақпарат құралдары жан-жақты көрсетті. Партияларға, үміткерлерге бірдей мүмкіндік берілді. Мұны отандық және шетелдік байқаушылар да айтып отыр. Қандай да бір саяси ұйымға артықшылық берілген жоқ. Президент ешбір партияның мүшесі емес. Облыс әкімдері партия бөлімшелеріне жетекшілік етпейді. Жоғары лауазымды қызметкерлер партия тізімінде болған жоқ. Яғни, барлық партиялар сайлауға бірдей жағдайда қатысты. Сайлаушылар да, үміткерлер де айрықша белсенді болды. Саяси партиялар әр аймақта ел назарын өзіне аудару үшін тартысқа түсті. Бірнеше рет тікелей эфирде партиялар арасында қызу және тиімді пікірталас болды. Бұл – демократиялық қоғам үшін қалыпты үрдіс. Мұның бәрі Қазақстанда ашық азаматтық қоғамның нығайып келе жатқанын көрсетті. Сайлау науқаны кезінде көптеген орынды сын, байыпты ұсыныс айтылды. Біз айтылған салмақты ұсыныстарды міндетті түрде зерделейміз.



Бәсеке жоғары болғандықтан, сайлау нәтижесін алдын ала болжау мүмкін емес болды. Оның қорытындысы еліміздің нағыз көппартиялы мемлекетке айналу жолында маңызды қадам жасағанын көрсетті. Мемлекет басшысы ретінде айтарым, Мәжіліске көзқарасы әртүрлі саяси ұстанымдағы күштер келді деп есептеймін. Алғаш рет ұзақ жыл бойы оппозицияда болған партия Парламентке өтті. Біз осының бәріне ауқымды саяси реформаның арқасында қол жеткіздік. Партияларды тіркеу мәселесін реттейтін заңнаманың өзгеруі де бұған септігін тигізді. Енді партиялар еліміздің болашағына зор ықпал ететін саяси үдерістің басы-қасында жүретін болады. Мәжіліске бірмандатты округтен де депутаттар сайланды. Яғни, Парламентке түрлі әлеуметтік топтан шыққан өкілдердің келуіне жол ашылды. Сондай-ақ ұзақ жылдан бері алғаш рет өзін-өзі ұсынған үміткерлер депутат атанды. Бірқатар азамат партия атынан шыққан үміткерлерді тартысты бәсекеде жеңіп шықты. Осылайша, елімізде демократия дәстүрі жаңа деңгейге көтеріліп, нығая түсті. Саяси күштердің бәріне бірдей мүмкіндік берілгеніне азаматтардың сенімі артты.

Еліміздің жастары әрдайым менің айрықша назарымда екені баршаға мәлім. Мен билікке ойы озық, білімді жастар келуі керек деп үнемі айтамын. Өскелең ұрпақты ел ісіне баулу – өте маңызды мәселе. Олар қоғамға жаңа құндылықтар әкелуге тиіс. Сайлау кезінде жас кандидаттар бірігіп, өз тобын құрғаны белгілі. Осы одақтың белсенді мүшелері Парламентке және мәслихаттарға өтті. Осылайша, өкілді билік тармағына саясаткерлердің жаңа буыны келіп жатыр. Жастар мұны еліміздің дамытуға берілген бірегей мүмкіндік деп бағалауы қажет.

Сондай-ақ әйелдердің және ерекше қажеттілігі бар жандардың Мәжіліске өтуіне жағдай жасалды. Саяси науқан қоғамдағы әрбір азамат Парламентке мүше бола алатынын және «әлеуметтік лифт» жұмыс істейтінін айқын аңғартты. Әділетті қоғамның қалыптасуы дегеніміз – осы!

Бұл сайлау үміткерлерге қойылатын талап өзгергенін көрсетті. Қазір тұрғындармен тығыз қарым-қатынас орнату өте маңызды. Мұны дұрыс түсініп, елмен етене араласа білген үміткерлер халық сайлаған өкіл атанды. Сайлаушылар өзінің мұң-мұқтажын білетін және мүддесін қорғай алатын азаматтарға дауыс берді. Ақпараттық технология дамыған қазіргі заманда халық бәрін жіті бақылап отыр. Осы ретте депутаттардың ел алдындағы жауапкершілігі артқанын атап өткен жөн. Сондықтан осы ғимаратта отырған депутаттар 5 жыл бойы саналы, парасатты түрде белсенді жұмыс істейді деп сенемін. Себебі ел мүддесі үшін қызмет ету қажет. Бұл – «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық» деген қағиданың тағы бір көрінісі.

Осы науқанға өте көп адам қатысты. Бұл – қалыпты үрдіс. Олардың арасында мақсаты, ұстанымы әртүрлі жандар бар. Қазір елдің көзі ашық, көкірегі ояу, саяси сауаты жоғары. Кез келген сайлауда жеңіске жету үшін жылдар бойы қажырлы еңбек ету қажет. Халықтың және тарихтың алдындағы жауапкершілікті сезіну керек. Бір сөзбен айтсақ, ұзақ мерзімді, жүйелі стратегияның арқасында ғана жеңіске жетуге болады. Қажетті дауыс жинай алмаған үміткерлер үшін де бұл – үлкен тәжірибе және жаңа мүмкіндік. Баршаңызды Қазақстан мүддесі үшін жұмылып жұмыс істеуге шақырамын.

Небәрі бір жылда мұндай ауқымды жұмысты іске асыру – нағыз жасампаз жұрттың ғана қолынан келетін шаруа. Біз Отанымызды өркендету жолында зор бетбұрыс жасап, жаңа дәуірге қадам бастық. Бірақ өзгерістер мұнымен бітпейді. Бұл – ұзақ жолдың басы ғана. Реформалар жалғаса береді, саяси құрылымды жетілдіру қажет. Бұл – аса маңызды жұмыс.

Биыл алғаш рет 45 аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін тікелей сайлау өтеді. Содан кейін еліміздегі барлық аудан әкімдерін сайлайтын боламыз. Осылайша, биліктің барлық институттары жаңарып, тың қарқынмен жұмыс істей бастайды. Біз саяси үдерісті демократияландырып, азаматтардың мемлекетті басқару ісіне қатысу мүмкіндігін кеңейте береміз. Бәріміз мына бір өте маңызды нәрсені түсінуіміз керек. Қазақстан – осы геосаяси аймақта түбегейлі реформа жүргізіп жатқан бірден-бір ел. Кейбір адамдар, солардың ішінде саясаткерлер де бар, осындай реформалар Қазақстанға қауіп төндіруі мүмкін деп айтады. Бірақ мен осы өзгерістердің барлығы, ең алдымен, ел болашағы үшін ауадай қажет деп ойлаймын.

**ҚҰРМЕТТІ ДЕПУТАТТАР!**

Алдымызда айрықша маңызды міндеттер тұр. Біз жан-жақты жаңғырту жұмысын күшейтуіміз қажет. Сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық даму барысына тың серпін беруіміз керек. Еліміз ұзақ уақыт бойы қолайлы сыртқы ахуалға арқа сүйеп келді. Неше түрлі тұжырымдамаларға, бағдарламаларға сенді. Атқарылған жұмыс туралы жалған есепке сенуге мәжбүр болды. Алайда аса маңызды, өзекті мәселелер назардан тыс қалды. Халықтың тұрмыс сапасы әлі күнге дейін жақсы емес. Құқықтық әділетсіздік белең алды. Бай мен кедейдің арасы алшақтай түсті. Алдағы бес жылда Үкімет және Парламент осы негізгі мәселелердің шешімін табуы қажет.

Елді жайлаған індет және оның салдары кәсіпкерлерге оңай тимегені анық. Былтырдан бері саяси жүйені жаңғыртуға баса мән бердік. Енді экономикадағы нақты мәселелермен айналысатын кез келді. Бұл жұмысты мықтап қолға алу керек.

Біздің басты міндетіміздің бірі – жеке меншікті қорғау және нарықтың бәсекелі болуын қамтамасыз ету. Сол үшін сот және құқық қорғау жүйесіндегі реформаларды жалғастыру қажет. Мен еліміздің кәсіпкерлеріне үндеу жасағым келеді. Қазақстан – бәріміздің ортақ мекеніміз. Ендеше, қастерлі Отанымызды бірге өркендетейік, болашағымызды бірге құрайық. Мен Президент ретінде сіздерге мемлекет тарапынан қолдау көрсетілетініне кепілдік беремін.

Біз шағын және орта бизнестің бәсекеге қабілетін арттыру мәселесіне баса мән береміз. Осы орайда шағын және орта бизнеске қолдау көрсетудің бірыңғай кешенді бағдарламасын әзірлеу қажет. Ең бастысы, мемлекеттік қолдауға ие болатын жобаларды іріктеу ашық өтуге тиіс. Жобаның нақты әлеуметтік-экономикалық тиімділігін ескеру қажет. Осы орайда Үкіметке депутаттармен бірлесіп, орта бизнесті дамытудың тың тәсілдерін әзірлеуді тапсырамын. Өйткені орта бизнес ел экономикасын дамыту ісінде басты рөл атқарады. Бұл мәселе менің жеке бақылауымда болады. «Атамекен» ұлттық палатасы шағын және орта бизнеске қолдау көрсетіп, сыртқы нарықта ұлттық бизнестің мүддесін қорғауы керек. Сондай-ақ Үкіметпен ынтымақтастықты барынша нығайту қажет.

Жалпы, алдағы бесжылдық шағын және орта бизнесті қолдауға арналуы керек. Ұлттық жобалар уақтылы және сапалы жүзеге асырылуға тиіс. Бюджеттің әрбір тиынын тиімді жұмсалуы керек. Осының бәріне парламенттік бақылау жасау айрықша маңызды. Өздеріңізге дауыс берген азаматтар үлкен үміт күтіп, сенім артып отыр.

Депутаттар билік пен қоғамның әріптестігін нығайтуға үлес қосуы қажет. Бұл жұмыс «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын орнықтыруға септігін тигізеді. Әсіресе, сайлауда жеңіске жеткен Amanat партиясы осы жұмысқа белсене атсалысады деп сенемін. Партияның тәжірибесі мол, қоғам тарапынан жан-жақты қолдау бар. Сондықтан Amanat партиясы алдағы өзгерістердің бел ортасында болады деп үміттенемін.

Еліміздің негізгі басымдықтарын баршаңыз жақсы білесіздер. Бұл – тұрғындардың әл-ауқатын арттыру және ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру. Сол арқылы тамыры тереңде жатқан мемлекеттілік дәстүрімізді нығайта түсу. Осы орайда мен Парламенттің алдағы жұмысы туралы ойымды ортаға салғым келеді.

**БІРІНШІ.** Іскерлік белсенділікті ынталандыру қажет. Ол үшін, ең алдымен, әділ, тұрақты әрі ашық салық жүйесін қалыптастыру керек. Салық кодексі және тұтас салық саясаты түсінікті, тұрақты болуы қажет. Ірі кәсіпорындар және шикізат экспортымен айналысатын компаниялар қазынаға көбірек төлем түсірсе, әділдік болар еді. Бұл – әлемде бар озық тәжірибе.

Қазір елдегі жағдай түбегейлі өзгерді. Әділетті Қазақстан дегеніміз – жалаң ұран емес, бұл – анық ақиқат. Алда атқаратын жұмыс көп. Біз бұған бір ел болып түгел атсалысуымыз керек.

Тағы бір маңызды мәселе. Үкімет және Парламент туризмді дамыту мәселесіне баса назар аударуға тиіс. Еліміздегі туризмнің әлеуеті зор, көрікті жерлеріміз өте көп. Бірақ сол жерлерге барып, демалуға әлі де жұрттың қолы жете бермейді. Бұл салаға тың серпін беру үшін, ең алдымен, инфрақұрылым мәселесін кешенді түрде шешіп, қызмет сапасын түбегейлі жақсарту қажет. Кәсіпкерлер туризмнің болашағы зор екенін көруі керек. Сол үшін қажетті жағдайды жасаған жөн. Осы салаға салынған жеке инвестицияның көлемі, іштен және сырттан келген туристердің саны неғұрлым көп болса, жұмыстың нәтижесі де соғұрлым тиімді болмақ.

Жалпы орта және шағын кәсіпкерлікті қолдау саясаты мемлекетіміздің ұзақ мерзімге арналған тұрақты стратегиясына айналуы керек. «Ақ жол» партиясы шағын және орта бизнесті дамыту, экономиканы монополиядан арылту туралы үнемі айтып жүр. Партияның Мәжілістегі өкілдері осы жұмысқа өз үлесін қосады деп сенемін. Сондай-ақ кәсіпкерлердің бастамасымен құрылған Respublica партиясы Парламентке өтті. Бұл ұйым бизнестің дамуына қолайлы жағдай қалыптастыруға атсалысады деп ойлаймын.

Тағы бір өзекті мәселеге назар аударғым келеді. Заңдар мен түрлі ережелерді әзірлеген кезде қаржы-өнеркәсіп топтары, ірі бизнес өкілдері шешім қабылдауға зор ықпал етеді. Ашығын айтсақ, бұл – барлық елге, тіпті, дамыған мемлекеттерге тән жағдай. Бірақ осы үдерісті қоғамнан жасырмай, заңмен реттеу керек, әйтпесе, жемқорлық белең алады. Өркениетті елдерде саясат жабық есік жағдайында астыртын жасалмайды. Сондықтан лоббистік қызметті заңмен реттеудің және оған бақылау жасаудың халықаралық тәжірибесін зерттеу керек.

**ЕКІНШІ.** Еліміздің өндірістік әлеуетін барынша арттыру маңызды. Қазақстан экономикасы әлі күнге дейін пайдалы қазбаларға тәуелді болып отыр. Яғни, ел экономикасының құрылымы – қарапайым. Шын мәнінде, бізге қарқынды даму үшін күрделі, әртарапты экономикалық құрылым қажет. Әрине, шикізат нарығындағы әлемдік бәсекеде біздің өз артықшылықтарымыз бар. Қазіргі және стратегиялық міндеттерді орындау үшін оны тиімді пайдалану қажет. Сондықтан осы

# ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

## VIII САЙЛАНҒАН ПАРЛАМЕНТТІҢ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

саланы одан әрі дамыта беру керек.

Қазба байлықты тиімді және үнемді пайдалану қажет. Ол үшін заңнаманы жақсартып, рәсімдерді жеңілдету керек. Геологиялық барлау және кеніштерді игеру ісіне инвестиция тарту айрықша маңызды. Үкімет пен Парламент осы салаға қатысты нақты шаралар әзірлеуге тиіс.

Былтыр тауар газының тапшылығына тап болдық. Бұл жағдай бүкіл еліміздің энергетикалық қауіпсіздігіне қатер төндіре жаздады. Мұндай келеңсіздікке жол бермеу үшін нарықты газбен қамтамасыз ету керек. Қазақстанда газдың бағасы көрші мемлекеттерге қарағанда әлдеқайда арзан. Шетелдегі сияқты әртүрлі тарифтерді бізге де енгізу мүмкіндігін қарастырған жөн. Жалпы, төмен тарифтер мен төмен бағалар экономикамызға теріс ықпал етеді. Бөлінген барлық субсидиялар көрші елдерге босқа кетеді. Қаншалықты қиын болса да, бұл мәселені біртіндеп шешу қажет. Басқа жол жоқ.

Бәсекеге қабілетті экономика дегеніміз – әртараптандырылған экономика. Пандемия және қазіргі геосаяси дағдарыс шикізат нарығының тұрақсыз екенін айқын көрсетті. Қазба байлыққа ғана арқа сүйеп, қамсыз отыратын заман келмеске кетті. Жер қойнауынан шыққан қазынаның қосымша құнын барынша арттыру керек. Оны сапалы және сұранысқа ие тауарға айналдыру өте маңызды. Бұған дейінгі индустрияландыру жұмысының барысында шикізаттық емес сала ойдағыдай дамыған жоқ. Азық-түлік пен күнделікті тұтынатын тауардың өзін әлі күнге дейін сырттан сатып алып отырмыз. Инфляцияның өсуіне басты себептің бірі – осы.

Еліміздің экономикасы сыртқы саудаға және инвестицияға әрдайым ашық. Қазақстан – Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшесі. Сондықтан сыртқы саудамызды еркін түрде дамытуымыз керек. Бірақ кемінде өз әлеуетіміз жететін нәрселермен өзімізді қамтамасыз етуіміз қажет. Мысалы, шикізат та, мамандар да, кейбір технология да өз елімізде бар.

Елдің ішкі сұранысын өтеуге қатысты бір негізгі ұстаным болуға тиіс. Ең алдымен, ішкі нарыққа бағытталған өңдеу өнеркәсібін дамытуымыз қажет.

**ҮШІНШІ.** Инфрақұрылымды дамытуға қатысты ұстанымдарды қайта қарау қажет. Биылғы қыстың қалай өткенін баршаңыз білесіздер. Қыстың көзі қырауда бірқатар аймақта қалалар мен елді мекендер жылусыз қалды. Әбден тозған энергетика инфрақұрылымы әрең жұмыс істеп тұр. Менің тапсырмаммен электр энергетикасы нарығын дамытудың жаңа үлгісі дайындалып жатыр. Сол арқылы осы салаға қосымша инвестиция тарту көзделіп отыр. Сондай-ақ бұл құжат осы саланың барынша ашық болуын қамтамасыз етпек.

Біз еліміздің инфрақұрылымдық қуатын қалыптастыруымыз қажет. Сондықтан мен Ұлттық инфрақұрылым жоспарын қабылдауды ұсынамын. Құжатта осы саладағы басты мәселелер ашық көрсетілуге тиіс. Сонымен бірге 2029 жылға дейін іске асырылатын негізгі жобалар қамтылуы қажет.

Халықтың басым көпшілігі үшін тұрғын үй – ең өзекті мәселе. Маған азаматтардан күн сайын жүздеген өтініш келеді. Оның ішінде қолжетімді баспанамен қамтамасыз етуді сұраған хаттар өте көп. Бұл түйткіл мемлекет тарапынан мүмкіндігінше шешіліп жатыр. Тағы да қайталап айтамын, мемлекет шын мұқтаж адамдарға ғана жәрдем береді. Тұрғын үй саясаты нарықтағы ахуалға тығыз байланысты. Сондықтан біз осы саладағы саясатымызды қайта қарап, оның мейлінше әділ әрі икемді болуын қамтамасыз етуіміз керек.

**ТӨРТІНШІ.** Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге баса мән беру қажет. Ашығын айтсақ, агроөнеркәсіп кешені бұл міндетті толық орындап отырған жоқ. Осы саладағы саясат бірізді емес. Мемлекет тарапынан бөлініп жатқан қаражат тиімді жұмсалмайды. Өнім өндіруші мен тұтынушының арасында делдал көп. Ауыл шаруашылығын қарқынды дамытуға қажетті жағдай жасау – мемлекеттің міндеті. Сонымен қатар ауыл-аймақтарды кешенді түрде өркендету аса маңызды. Елімізде бірнеше жылдан бері «Ауыл – ел бесігі» жобасы жүзеге асырылып жатыр. Соның аясында 1 мыңнан астам ауылдағы үш мың жеті жүз нысан жаңғыртылды. Оның бәрі – әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым нысандары. Бұл жұмыс болашақта да жалғасады. Биыл тағы 1,5 мыңнан астам жобаға бюджеттен 143 миллиард теңге бөлінеді.

Мен сайлау алдында ауылдағы кәсіпкерлікті дамыту қажеттігі туралы анық айттым. Бұл – маңызды міндеттің бірі. Оны ауыл шаруашылығы кооперациясы арқылы жүзеге асыру керек. Сол үшін «Ауыл аманаты» жобасы қолға алынады.

Ауыл тұрғындарына 5-7 жылға жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие беріледі. Ауыл шаруашылығы кооперативтері халыққа қызмет көрсету және өнім өткізу үшін құрылады. Оларға құрал-жабдық және техника сатып алу үшін субсидия беріледі. Осы мақсатқа 1 триллионға жуық теңге бөлінеді.

«Ауыл – ел бесігі», «Ауыл аманаты» жобалары ауылды дамытуға арналған жаңа тұжырымдамаға арқау болуға тиіс. Топырақтың құнарын сақтап, оны жақсарту үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет. Ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді пайдалану үшін бақылауды күшейту маңызды. Өнім көлемін арттыруға және оны әртараптандыруға баса мән берген жөн. Ауыл шаруашылығы саласындағы реформаларға сапалы заңдар қажет. Бұл жұмысқа Мәжілістен орын алған «Ауыл» партиясы өз үлесін қосады деп сенемін.

Тағы бір мәселе – су қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Бұл – стратегиялық маңызы бар міндет. Алдағы уақытта су мәселесі ушығып кетуі мүмкін. Сол себепті бізге оның алдын алу қажет. Қазір Үкімет Су кодексінің жаңа жобасын әзірлеп жатыр. Су ресурстарын тиімді басқаруға және оларды қорғауға баса назар аудару керек. Осы жұмыста ғылыми ұстанымды, инновацияны, халықаралық озық тәжірибені басшылыққа алған абзал. Біздің елде судың 65 пайызы ауыл шаруашылығы саласына жұмсалады. Соның 60 пайызға жуығы құмға сіңіп кетеді. Мұндай ысырапшылдыққа жол беруге болмайды. Жаңа тариф саясатына көшу қажет. Оны дереу қолға алмасақ, ахуал одан әрі күрделене түсетіні анық.

**БЕСІНШІ.** Адам капиталының сапасын барынша арттыру керек. Бұл мәселе менің айрықша назарымда екенін білесіздер. Себебі Қазақстанның басты байлығы – адам. Қарым-қабілеті зор, білімді азаматтар елімізді алға бастайды. Сол үшін білім беру жүйесін жан-жақты дамыту қажет. Соңғы жылдары мемлекет бұл салаға инвестицияны едәуір көбейтті. Балабақша тапшылығы біртіндеп азайып келеді. Барлық облыста мектеп салу, оны жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Оқу орындарын материалдық-техникалық жабдықтау ісі жанданды. Бірақ, мұның өзі жеткіліксіз. Білім сапасын, әсіресе, орта білімнің деңгейін арттыру үшін батыл шешім қабылдау қажет.

Білім беру саласында ұстаз – ең басты тұлға. Оның қоғамдағы абырой-беделін арттыра беруіміз керек. Алайда мұғалімдердің, директорлардың және педагогикалық оқу орындары түлектерінің көпшілігі Ұлттық біліктілік емтиханынан өте алмады. Маған кейбір тәжірибелі ұстаздар тиісті министрлік дайындаған тапсырмалар тым күрделі деп шағымданды. Бәлкім, оны жеңілдету, жетілдіру керек шығар. Бұл салада қатып қалған қатаң ереже болмауы керек. Бірақ негізі, ұстаздарға қойылатын талап жоғары болуға тиіс.

Мұғалім тапшылығын желеу етіп, мектепке кез келген адамды жұмысқа ала беруге болмайды. Мұндай әрекет ұстаздардың біліктілік деңгейін күрт төмендетеді. Сол себепті мұғалім даярлау ісін жетілдіру үшін нақты шаралар қабылдау қажет. Бұл – өскелең ұрпақтың болашағына байланысты өте маңызды міндет.

Адам капиталын дамытуға қатысты тағы бір мәселе – Денсаулық сақтау жүйесінің тиімді болуы. Еліміздегі медицина инфрақұрылымын жақсарту қажет. Оның жай-күйіне қатысты түйткілдер аз емес. Мемлекет соның бәрін біртіндеп шешіп жатыр. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында ауыл-аймақта 600-ден астам нысан салу жоспарланған. Жұмыстың бәрі уақтылы әрі сапалы жасалуы керек. Бұл – өте маңызды. Барлық жауапкершілік әкімдерге жүктеледі.

Сондай-ақ медицина қызметкерлерінің құқығын қорғауға көп көңіл бөлу қажет. Олардың әлеуметтік жағдайы да назардан тыс қалмауға тиіс. Осыған қатысты арнайы заң жобасы Парламентте бір жылға жуық талқыланды. Бұл құжатта, негізінен, дәрігерлердің жауапкершілігін сақтандыру ғана көзделген.

Спорт ғимараттарының басым бөлігі – мемлекет меншігінде. Оларды күтіп ұстауға бюджеттен қомақты қаржы бөлінеді. Спорт саласын өркендетуге жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, меценаттардың және жарнама берушілердің әлеуетін пайдалану қажет. Сондай-ақ мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тәсілін кеңінен қолдану керек.

Бұқаралық спортты дамытуға тұрғындардың ынта білдіріп, белсенді атсалысуы маңызды. Мемлекет бұған барлық жағдайды жасауға тиіс.

Жалпы, бұл саладағы жұмыста көзбояушылық пен әміршілдік-әкімшілдік тәсілден бас тарту қажет. Үкімет пен әкімдіктер тиісті бағдарлама әзірлеп, шешім қабылдаған кезде осының бәрін ескеруге тиіс.

Тағы бір маңызды мәселе бар. Мәдениет саласындағы саясатты жан-жақты ойластырып жүргізу керек. Қазір бұл саланы өркендету үшін жаңа тұжырымдама жасалып жатыр. Бұл құжат еліміздің мәдени мұрасын сақтау, насихаттау және ұлттық бірегейлікті нығайту ісінде шешуші рөл атқарады деп сенемін.

Шығармашыл зиялы қауым көпшіліктің көңілінен шығатын, мемлекеттің мүддесіне сай келетін туындылар ұсынады деп үміттенемін. Осы ретте креативті индустрияға жүйелі қолдау көрсету өте маңызды. Адам капиталын тұрақты дамыту жылдам өзгеріп жатқан қазіргі әлемде табысты ел болудың басты кепілі болады деп санаймын. Біз ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру арқылы әділетті мемлекеттің және үйлесімді қоғамның негізін қалаймыз. Мен «Қазақстанның халық әртісі» атағын қайта қалпына келтіру туралы шешім қабылдадым. Биыл қазан айында – Республика күнінде осы атаққа лайықты мәдениет қайраткерлерінің алғашқы тобы марапатталады.

**АЛТЫНШЫ**. Әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы азаматтарды қолдау – басты міндеттің бірі. Қиындыққа тап болған жандар еш көмексіз қалмауы керек. Мемлекеттің әділдігі мен қоғамның жанашырлығы осындайда көрінеді. Әсіресе, ана мен баланы қорғауға айрықша көңіл бөлінуге тиіс. Менің тапсырмаммен биыл бала күтіміне жәрдемақы беру мерзімі 1 жылдан 1,5 жылға ұзартылды. Тұрмысы төмен отбасындағы 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға берілетін әлеуметтік көмек қайта қаралды. Енді 100 мыңнан астам бала бұл көмекті ақшалай алатын болады. Көпбалалы отбасыларға да айтарлықтай қолдау көрсетіліп жатыр. Жарты миллионнан астам отбасына арнайы жәрдемақы төленеді.

Мен былтыр «Ұлттық қор – балаларға» бастамасын көтердім. Қазір осы бастаманы жүзеге асыруға дайындық жүргізіліп жатыр. Мемлекет мұқтаж жандарға атаулы әлеуметтік көмек көрсетуді жалғастыра береді. Осы орайда ерекше қажеттілігі бар азаматтарға арнайы тоқталғым келеді. Елімізде осы санатқа кіретін 700 мыңнан астам адам бар. Азық-түлік пен дәрі-дәрмек бағасының қымбаттауы оларға оңай тиіп отырған жоқ. Біз ерекше қажеттілігі бар адамдарды және олардың күтушілерін қолдау шараларын күшейтуіміз қажет.

Сондай-ақ асыраушысынан айырылған азаматтар назардан тыс қалмауы керек. Осы орайда Үкіметке аталған санаттағы адамдардың жәрдемақысын орта есеппен 14,5 пайызға көбейтуді тапсырамын. Мұны биылғы 1 қыркүйектен бастап қолға алу қажет. Қазақстан біздің аймақтағы осындай әлеуметтік жәрдем беретін жалғыз мемлекет деуге толық негіз бар.

Жалпы, әлеуметтік қолдау алдын ала және шын мәнінде мұқтаж жандарға көрсетілуге тиіс.

Дегенмен кез келген көмек масылдыққа себеп болмауы керек. Әсіресе, еңбекке жарамды жас азаматтар жәрдемақыға қол жаймауға тиіс. Денсаулығы мықты, күш-қуаты бар азаматтар үшін бұл – ұят нәрсе.

**ЖЕТІНШІ.** Сондай-ақ адвокаттардың рөлін арттыра түсу қажет. Оларға сотқа дейінгі тергеудің басынан бастап қылмыстық істің материалдары еш кедергісіз берілуге тиіс. Жұрт заңдардың кейбір ережелеріне наразылық білдіріп, шағым айтуда. Конституциялық Соттың шешімдері кейбір шағымдардың орынды екенін көрсетіп отыр. Яғни, заңнаманың жекелеген нормалары Ата заңға қайшы екені анықталды. Бұл келеңсіздіктер құқық қолдану ісінде қиындықтар туғызады. Конституцияға қайшы мұндай нормалар жарамсыз деп танылады. Осындай ережелерге сүйеніп қабылданған соттың және басқа мемлекеттік органдардың шешімдері қайта қаралуға тиіс. Заңдарымыз Конституцияға толық сай болуы керек. Парламент осы маңызды мәселеге байланысты табандылық танытып, басты рөл атқаруы қажет. Бұл жұмыс азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау жүйесін күшейте түсуге мүмкіндік береді.

Құқық қорғау саласындағы тағы бір күрделі мәселе – адам саудасы. Бұған тосқауыл қою үшін арнайы заң қабылдау қажет.

**СЕГІЗІНШІ.** Мемлекеттік басқарудың тиімділігін және стратегиялық жоспарлаудың сапасын көтеру қажет. Сайлау алдындағы бағдарламалар және уәделер ретімен орындалуы керек. Сонда азаматтардың билікке және шынайы өзгеріске деген сенімі артады. Реформаларды әзірлеу және жүзеге асыру ісінде мемлекеттік қызметшілер маңызды рөл атқарады. Сол себепті жұмысқа ынтасы бар және жоғары білікті мамандарды мемлекеттік қызметке тарту керек. Жеке секторда жүрген кәсіби және дарынды басқарушылар үшін жол ашық болуға тиіс. Бізге мемлекеттік қызметтің барынша үйлесімді үлгісіне көшу қажет. Орталыққа жалтақтамай, жергілікті жерде мәселені шешуге дағдылану керек. Мемлекеттік органдардағы жұмысты ұйымдастыру мәдениетін де толық жаңғыртқан жөн.

Мемлекеттік жоспарлау жүйесін жаңғырту мәселесіне жеке тоқталғым келеді. Соңғы жылдары әлемде теңдессіз геосаяси, экономикалық және технологиялық өзгерістер болды. Осыған орай біздің кейбір стратегиялық құжатымыз өзектілігін жоғалтты. Сондықтан «Қазақстан – 2050» стратегиясын» түбегейлі қайта қарау қажет. Яғни, бұл құжатты қазіргі жаһандық үдерістерді ескере отырып, ел дамуының ұзақ мерзімге арналған басымдықтарын айқындайтын стратегияға айналдыру керек.

Жалпы, кез келген жұмыс мұқият жоспарлануы керек. Сонда мемлекеттік саясат стратегиялық сипатқа ие болады және тұрақты жүзеге асырылады. Сонымен бірге еліміз кез келген сын-қатерге төтеп бере алады. Құрметті депутаттар, сіздер әрдайым барлық істің бел ортасында боласыздар. Бірақ мына мәселені баса айтқым келеді: ел мүддесінен жоғары ештеңе жоқ. Сондықтан, популизмге, жеке бастың мүддесін көздеуге жол бермеу керек. Парламент пен мәслихаттар әрдайым бірлесе жұмыс істеуі қажет. Сонда мемлекет саясаты барынша үйлесімді болады. Жергілікті биліктің шамасы келмейтін ауқымды мәселелерге орталық дер кезінде көңіл бөледі.

Реформалардан кейін депутаттардың өкілеттігі біршама кеңейді. Қос палатаның жұмысына бірқатар өзгеріс енгізілді. Бұрын заң жобасын Мәжіліс мақұлдап, Сенат қабылдайтын. Енді заң қабылдау құзыреті Мәжіліске берілді. Мәжіліс басқа да артықшылыққа ие болды. Сондықтан осы залды Мәжіліске тұрақты түрде пайдалану үшін беру керек деп ойлаймын. Осылайша, жоғары өкілді орган шын мәнінде ықпалды Парламентке айналды.

Мен Премьер-министрдің кандидатурасын сайлауда жеңіске жеткен партия Мемлекет басшысына ұсынуға құқылы деп айттым. Осы ретте саяси жауапкершілік те сол партияға жүктеледі. Бұл тәсіл «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасына сай келеді. Үкімет әлеуметтік-экономикалық реформаларды іске асыруға тиіс. Болашақта Үкіметтегі және аймақтардағы басшылық қызметтерге түрлі партия өкілдерін тартқан жөн. Ол үшін саяси партиялардың кадрлық резервін жасақтауды ұсынамын. Сондай-ақ өкілді және атқарушы биліктің қарым-қатынасы жаңаша сипатқа ие болады. Енді Үкімет шын мәнінде есеп беретін Үкіметке айналады.

Министрлердің өз жұмысын жетік білуі ғана жеткіліксіз. Олар өз ұстанымын Парламент алдында қорғауға қабілетті болуға тиіс. Өз бастамаларын қоғамға анық түсіндіруі қажет.

Қазір Үкіметтің қателігі мен кемшілігін ашық айтып, жөнге салып отыруға толық мүмкіндік бар. Осы мүмкіндікті халық мүддесі үшін дұрыс пайдалану керек. Парламенттің өз жұмысы да барынша ашық болуға тиіс. Бүгінде оның жиындары интернет арқылы көрсетіледі. Бұл жақсы үрдіске айналды. Оған журналистер де, қалың көпшілік те қызығушылық танытады. Парламентте аса маңызды мәселе талқыланса, жалпы отырысты мемлекеттік телеарна арқылы тікелей эфирде көрсету қажет деп санаймын. Азаматтар өздері сайлаған депутаттың қалай жұмыс істейтінін нақты көріп, баға бере алады. Парламенттегі пікірталастар, шын мәнінде, жалпыұлттық ауқымға ие болады.

Сонымен бірге бұл тәсіл ашық саясат жүргізудің жаңа стандарттарын қалыптастыруға, қоғамдық диалог мәдениетін дамытуға септігін тигізеді. Депутат болу – биік мансап емес, бұл – зор жауапкершілік және маңызды міндет. Сіздерді халық сайлады. Жұрт өздеріңізге сенім артып отыр. Ел сенімі – ел аманаты.

**ҚАДІРЛІ ҚАУЫМ!**

Бізге орасан зор жауапкершілік жүктелген. Бұл – өткен тарихтың және болашақтың алдындағы жауапкершілік. Келер ұрпақтың қандай мемлекетте өмір сүретіні біздің бүгінгі шешімдерімізге тікелей байланысты. Еліміздің мақсаты – айқын, бұл – Әділетті Қазақстанды құру. Мұның бәрі бір күнде жасалатын шаруа емес. Баршамыз табанды, еңбекқор, білікті, ұқыпты, тәртіпті болуымыз керек. Ең алдымен, отаншыл болуымыз қажет. Ұлттың және мемлекеттің мүддесі бәрінен биік тұруға тиіс. Әрине, қоғамның дамуы үшін пікір алуандығы қажет. Бірақ елдік мәселелерге келгенде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білген жөн. Елімізді өркендету үшін еңбек ету – баршамыздың азаматтық борышымыз. Ендеше, Отан алдындағы осы перзенттік парызымызға әрдайым адал болайық. Жұмыстарыңыз табысты болсын! Қазақстанымыз көркейе берсін!

# МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ КУӘЛІК АЛДЫ

Кеше елорданың жаңадан сайланған мәслихат депутаттары куәлік пен төсбелгі алды. Сайланған депутаттардың орта жасы – 46-да. Ең үлкені 63 жаста болса, ең жас депутат – 24-те. Мамандықтары бойынша олардың ішінде 7 заңгер, 9 экономист, 7 инженер, 4 дәрігер, 2 педагог, 2 журналист және 3 депутат басқа маман иелері бар.



Салтанатты шараға дейін Астана қалалық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Бақыт Бектемісова жуырда өткен сайлау нәтижесімен бөлісті.

– Мәслихат депутаттарын сайлау өткен жылы референдумнан бастау алды. Бұл сайлау азаматтарындың сайлауға қатысу мүмкіндігін арттырды. Сайлау нәтижесінде қалалық мәслихатқа 34 депутат сайланды. Олардың 50 пайызы – партиялық тізімдер, 50 пайызы бірмандаттық округтер бойынша сайланды. Атап айтқанда, Amanat партиясы – 12 мандат, Қазақстан халық партиясы – 1 мандат, «Байтақ» жасылдар партиясы – 1 мандат, «Ақ жол» демократиялық партиясы – 3 мандат. Сондай-ақ бірмандаттық жүйе бойынша 17 депутат сайланды. Барлық депутаттарға халық сеніміне ие болып, жауапкершілігі мол тапсырмаларды орындау жолында сәттілік тілеймін, – деді Бақыт Бектемісова.

**Комиссия төрағасы партия тізімі бойынша және бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланған азаматтарды жеке-жеке айтып өтті. Amanat партиясы Астана қалалық филиалының партиялық тізімі бойынша:**

- Адамбеков Кендебай Сарыбайұлы
- Дәкенов Ерлан Ерғазыұлы
- Жәкенов Берік Оралұлы
- Зейнұлқабден Табиғат
- Каналимов Ерлан Ермекұлы
- Қасымбергебаев Бауыржан Тілеубергенұлы
- Мағзұм Арсланбек Талғатұлы
- Сағымбаев Абзал Екрамбекұлы
- Сұлтанқызы Ләйлә
- Оразалина Динара Аманболқызы
- Өтешев Нұрлан Сүлейменұлы
- Табулдина Алтыншаш Жұмашқызы

**«Ақ жол» демократиялық партиясы Астана қалалық филиалының партиялық тізімі бойынша:**

- Ыбраев Қанат Сұлтанұлы
- Құлмағамбетова Жанаргүл Жұмабайқызы
- Смағұлов Асқар Сайлаубекұлы

**«Байтақ» жасылдар партиясы Астана қалалық филиалының партиялық тізімі бойынша:**

- Самамбетов Мәулен Естайұлы

**«Қазақстан Халық партиясы» Астана қалалық филиалының партиялық тізімі бойынша:**

– Есенжолов Еркеғали Темірғалиұлы сайланды.

Ал бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша келесідей:

№ 1 сайлау округі бойынша - Сергеев Владислав Алексеевич;

№ 2 сайлау округі бойынша - Байсеркина Динара Сәтжанқызы;

№ 3 сайлау округі бойынша - Өмірзақов Азамат Тұрсынбекұлы;

№ 4 сайлау округі бойынша - Әжікенова Мадина Берікболқызы;

№ 5 сайлау округі бойынша - Айтқожин Азамат Серікұлы;

№ 6 сайлау округі бойынша - Көпешов Нұрлан Маратұлы;

№ 7 сайлау округі бойынша - Женалаева Салтанат Мұқанбетпанақызы;

№ 8 сайлау округі бойынша - Естек Қанат Ғалымжанұлы

№ 9 сайлау округі бойынша - Төлеген Бахаргүл;

№ 10 сайлау округі бойынша - Мүслім Нұрлан Сарбайұлы;

№ 11 сайлау округі бойынша - Орынбасаров Азамат Манасұлы;

№ 12 сайлау округі бойынша - Самидин Сәуле Самидинқызы;

№ 13 сайлау округі бойынша - Тәжімұратов Ғабит Қалиұлы;

№ 14 сайлау округі бойынша - Лория Давид Григорьевич;

№ 15 сайлау округі бойынша - Смайылов Бауыржан Амангелдіұлы;

№ 16 сайлау округі бойынша - Ерғалиев Талғат Файзоллаұлы;

№ 17 сайлау округі бойынша - Рахмет Жандос Қанатұлы.

**Зарина СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ**



# ЖӘРДЕМАҚЫ МЕРЗІМІ ҰЗАРТЫЛДЫ

Бала күтімі бойынша 4,5 мыңнан астам елордалықтың жәрдемақы мерзімі ұзартылды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметіндегі брифингте айтылды.



– Мемлекет басшысы 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында бала күтімі бойынша жәрдемақы төлеу мерзімін 1 жылдан 1,5 жылға дейін ұлғайту туралы тапсырма берді. Осылайша, 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап босанған әйелдерге 1,5 жылға жәрдемақы тағайындады. Ал 2023 жылдың 1 қаңтарына дейін жәрдемақы алып отырғандардың төлемі автоматты түрде тағы 6 айға ұзартылды, – деді Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті басшысының әлеуметтік сұрақтар бойынша орынбасары Дәмежан Садуақасова. Бұған дейін Қазақстанда бала күтімі бойынша жәрдемақы алатындардың зейнетақы жарналары субсидияланатыны айтылған еді.

Елордада Қазақстан аумағында тұтқындалып, қаза тапқан жапондықтарға арналған ескерткіш ашылды. Оның ашылу салтанатына осы елдің денсаулық сақтау, еңбек және әл-ауқат министрлігінің делегациясы келді. Қазақстан тарапынан елорда әкімінің орынбасары Ерлан Бекмурзаев, ҚР сыртқы істер министрлігі мен Есіл ауданы әкімдігінің өкілдері қатысты.

# ЖАПОНДЫҚ ҚҰРБАНДАРҒА ЕСКЕРТКІШ ҚОЙЫЛДЫ

Жапон құрбандарының құрметіне монумент орнатуды Жапония елшілігі бастама етіп көтерген болатын. Жат елдегі лагерьлерде тұтқындалып, қаза болған тұтқындарға бұрынғы кеңестік елдерде 16 ескерткіш орнатылған. Қазақстанда орнату туралы былтырдан бері айтылды. Ақыры «Arda-Art» компаниясы келісімшарт негізінде үш айда елордада аталған ескерткішті жасап, орнатты. Ескерткіш «Триумфальный» тұрғын үй кешені жанындағы аллеяға қойылды. Салтанатты жиынға қатысқан «ALJİR» мемориалды-музей кешенінің директоры Самат Тергенбаев бұл ескерткіштің тарихи маңызы жоғары екенін жеткізді.

– Кеңес одағы кезінде көптеген жапондықтар біздің жерімізге тұтқын ретінде жер аударылып, отанына оралуды армандаумен өтті. Бұл ескерткіш соларға арнап жасалды. «ALJİR» лагерінде Кеңес одағының өкіліне тұрмысқа шығып, жазықсыз жазаланған жапон әйелі отырды. 1946 жылы ол бостандыққа шықты. Одан кейінгі тағдыры қалай болғаны белгісіз. Ал бүгінгі іс-шара Қазақстан мен Жапония арасындағы өзара қарым-қатынастың озық үлгісін көрсетті, – деді музей директоры.



# ҰЛТ БОЛАШАҒЫ – ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕ

Қазіргі ұлт педагогикасының алдында тұрған міндет – ұлттық құндылықтармен қаныққан, жауапты, еңбекқор, белсенді, отаншыл және өзіндік азаматтық ұстанымға ие ұрпақты тәрбиелеу. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының деңгейін арттыру және тәрбие процесін ұйымдастырудың заманауи тәсілдерін пайдалану мақсатында Астанада «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы» атты бірыңғай педагогикалық кеңес өтті.

**Гүлшат САПАРҚЫЗЫ**

Педагогикалық кеңеске ҚР Оқу-ағарту министрлігінен, әлеуметтік әріптестер, білім беру ұйымдары, ата-аналар бірлестіктерінен барлығы 1500 адам қатысты. Жиында Астана қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Маржан Қайырбаева бала тәрбиесіне қатысты ата-аналар үшін маңызды нәрселерге тоқталып өтті.

Қатысушылар баланың рухани-адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеудегі отбасының рөлі, мектеп пен отбасының өзара іс-қимылы туралы сұрақтарды талқылады. Педагогикалық кеңес аясында 9 әдістемелік алаң жұмыс істеді.

Спикерлер ҚР «Әкелер Одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы М.Айтмағанбет, көшбасшылық және мотивация бойынша жаттықтырушы, «Жаңа ұрпақ» республикалық көшбасшылық мектебінің негізін қалаушы А.Абжанов, «Қоғамның жаңаруы» қоғамдық бірлестігінің басшысы В.Евдокимов, «Білім-Инновация» халықаралық қоғамдық қорының тәрбие бөлімінің басшысы С.Смақов, Қ.Сәтбаев атындағы «BINOM SCHOOL» мектеп-лицейінің директоры Қ.Байтажикова және №37 мектеп-лицейінің педагогы М.Біләл өз баяндамаларында осы саланың өзекті мәселелерін сөз етті.

Жаңартылған білім мазмұнына енгізілген өзгерістердің мәні құндылықтарға бағдарланған оқыту тәсілін қолдануды көздейді. Бұл ретте, әсіресе, тәрбие мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді. Тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы басымдық балалардың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, осы мақсатта кемшіліктерді болдырмауды көздейді. Тәрбие жұмыстарында орта білім беру ұйымдарында мектеп пен мен ата-аналардың өзара әрекет етудің жаңа форматы анықталды. Мектеп пен ата-ананың өзара іс-қимылының жаңа форматын іске асыру шеңберінде ата-аналар қауымдастығымен жұмыс істеудің түрлі деңгейлері айқындалып отыр. Олар: топтық, жеке, ұжымдық. Отбасы мен мектеп арасындағы қарым-қатынасты ұйымдастырудағы басты міндеттердің бірі – ата-аналардың бала тәрбиесіндегі ролін дұрыс түсінуді, мектеп пен сыныптың оқу-тәрбие процесіне қатысу қажеттігін қалыптастыру.

Міне, осы мәселелер елордада өткен педагогикалық кеңесте жан-жақты сөз болды. Педагогикалық кеңесте оқу-тәрбие жұмыстарының өзекті мәселелері талқыланды. Онда оқу-тәрбие процесінің жай-күйін, педагогикалық құрамның кәсіби құзыреттілік деңгейін, білім алушылардың оқытылуын, тәрбиелілігін және дамуын диагностикалау, сапалы оқу-тәрбие жұмысы үшін бүкіл ұжымның күш-жігерін біріктіру, оқу-тәрбие процесінің нәтижелілігі мен тиімділігі мониторингінің нысандары мен әдістерін жетілдіру және тағы басқа өзекті мәселелер сөз болды. Жиын соңында күн тәртібіндегі мәселе мен сөйлеушілер сөзін ескере отырып педагогикалық кеңес шешім қабылдады.

# БҰРЫН ЕҢБЕК АДАМЫ ТӨРДЕ ОТЫРАТЫН. ҚАЗІР ШЕ?

Таяуда Қазақ телевизиясының құрылғанына 65 жыл толды. Жарты ғасырдан астам уақыт телевизиямен бірге жасап, қызығы мен қиындығын көріп, арнаның алтын қорын қайталанбас, құнды таспалармен толтырған ардагер журналистің бірі, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, «Еңбек ардагері» төсбелгісінің иегері Қажы ҚОРҒАНҰЛЫМЕН сұхбаттасқан едік.

**– Қажы Қорғанұлы, сіз қаршадайыңыздан қазақ телевизиясына қызмет етіп, «Бір хаттың ізімен» телеэкспедициясы, «Үш бәйтерек» телехикаяты, «Киіз үй», «Төрт түліктің төресі» сынды бейнефильмдерді дүниеге әкелдіңіз. Мұндай бастамаға не түрткі болды?**

– Журналистикаға келемін деген ойым болған жоқ. Арманым – сахнаны бағындырып, әртіс болу еді. 19 жасымда Ақтөбедегі мәдени-ағарту училищесіне оқуға түстім. Бізге сабақ беретін Тұрдыбек Оспанов сол кезде облыстық филармонияның директоры еді. Бір күні сабақ үстінде бәрімізді жеке-жеке тұрғызып, «кім болғың келеді?» деп сұрағанда, мен әртіс болатынымды айттым.

Ал Қазақ теледидарының шаңырағы 1958 жылы 8 наурызда көтергені белгілі. 1961 жылы Ақтөбеде де телестудия ашылды. Мен сонда алғашқы диктор болдым. Одан кейін 1968 жылы Алматыда Қазақ телевидениесі шақырды. Сол жерде табаны күректей 32 жыл қызмет істедім. Әр жылдары диктор, редактор, комментатор, парламент тілшісі, саяси шолушы бола жүріп, Қазақстанның түкпір-түкпірінде еңбектің көрігін қыздырып жүрген саңлақтардың талайымен жүздестім, өнер мен әдебиет майданында тер төгіп жүрген қайраткерлермен сырластым. Жаңалықтарда екі жыл қызметте «Сенбілік шолу» жүргізіп, бір аптаның ішіндегі қазақ әдебиеті мен өнерінің жаңалықтарын жеткізіп отырдым.

**– Журналистік ғұмырыңызда ауыл шаруашылығы мәселелерін көтеріп, бұл бағыттағы хабарларға басымдық бердіңіз. Еңбек адамының мұңын мұңдап, жоғын жоқтау жаныңызға жақын ба еді?**

– Телевизияда Сұлтан Оразалин әдебиет редакциясын, Кеңес Дүйсекеев музыка редакциясының бас редакторы болып қызмет атқарса, мен ауыл шаруашылығы редакциясында жұмыс істедім. Аталмыш бөлімді басқарған жылдардағы бітірген ісімнің бірі – «Үш бәйтерек» телеповесі еді. Қазақстанда еңбек ерлеріне сан жетпейді, солардың арасынан жарқырап көрінетін үш еңбек маршалын атаймын. Олар: ақ тарының атасы – Шығанақ Берсиев, ақ күріштің атасы – Ыбырай Жақаев, шопан ата – Жазылбек Қуанышбаев. Бұларды күндіз отырмаған, түнде ұйықтамаған Күлтегін ұрпақтары десе болар. Телеповестің алғашқысы «Ақ тарының атасы» айдарымен көрермен назарына ұсынылды, бір данасы ойылдықтарға тарту етілді. Суармалы жерден гектарынан 203 центнерден өнім алып, әлемдік рекорд жасаған Шығанақ Берсиев туралы алғашқы хабар жасауымыздың бірден-бір себебі бұл табыстың сырын көрсету мақсатында еді. Оның сыры – білімде, еңбекте, тынымсыз ізденісте. Ең алдымен тары дәнінің ұрғашысын көз майын тауыса отырып, айлар бойы жинап, одан соң қойдың қотанына қиын жұқартып алып, шығырмен су шығарып, болашақ егістіктің шөлін қандырған. Сөйтіп шамасы бір гектардай алқапқа сұрыпталған тұқымды сепкен. Егіннің бітік шыққаны сонша Шықаң ат үстінде келе жатқандай бойы әрең көрінетін. Ал енді осындай бейнетқор диқанды дала академигі демегенде кім дейді?!

Арқа төсіндегі егін орағының барысын арнайы насихаттауға Қазақ ТВ-сы 1971 жылдан бастады-ау деймін. Бір-екі жылдай диктор ретінде, ал 1973-тен бастап әрі диктор, әрі жауапты редактор, әрі комментатор, әрі репортер болып жұмыс істедім. 70-80-жылдары «Алтын дән-76», «Урожай-76» бағдарламаларының рейтингі өте жоғары болды. Бір ай бойы солтүстіктегі жеті облыстың орақ науқанын да осы хабардан көрсететін едік. Егін жинау елдің барлығы көз тігіп отыратын саяси науқанға айналды.

Одан бөлек, жеті бөлімнен тұратын «Көш» деген хабар жасадым. Оны Бетпақдаладан Жезқазғанның шөларқасына дейін малды сулы, шөпті жерге жайып көшетін Мойынқұм шопандарымен бірге жүріп түсірдік. Олар осы екі араға апталап көшеді екен. Шопанның барлық мехнатын, көш азабын, қызығын бірге көрдім, бәріне қанықтым. Хабарда олардың проблемаларын, тұрмысын, мал бағудың қиындығын барлығын бейне көрініспен бердім. Мәтінмен қатар, бейнекөріністің өзі хабарда айтылар ойды толықтырып, жеткізіп, байытып отырады. Мұның көрерменге әсері ерекше болды деп ойлаймын.



Целиноград облысының егіс алқабы, 1975 жыл

Журналистика – уақыт айнасы. Заманына қарай түрленіп, дамиды. Көңіл қуантар жақсы істер көп. Алайда соңғы 30 жылда қазақ журналистикасының беделі төмендеді. Өткір сөз, ащы мақала я хабар жазу жайымен қалды. Бұл – алаңдататын жайт. Журналистер жасқаншақ болып қалды. Қайбір өзекті мәселені алса да, оны түбіне дейін зерттеп, зерделеп шешу, яғни журналистік зерттеу жоқ. Баспасөзде жазылады да қалады

**– Ауыл шаруашылығының қордаланған мәселелерін көтерген телевизия жұмысы нәтижелі болды ма?**

– Болғанда қандай! 1980 жылдың 15 шілдесінде Қазақ телевизиясы «Малшыға қызмет – абыройлы міндет» айдарымен хабарлар циклын бастады. Оған мына жағдай түрткі болды. Сол кезден бір ай шамасында Дінмұхаммед Қонаев депутаттыққа кандидат болып ұсынылып, халықпен кездесіп, олардың аманатын арқалап Алматыға оралған бойда бірқатар министрлерді жинап алып: «Біз өзі бірдеңе бітіріп жүрміз бе десек, халықтың жағдайын ойламайды екенбіз ғой. Кеше Бақанасқа барғанымда малшылар: «Аспанға – ғарышқа адам ұшырып жатқан заманда біз малшылар баяғы кедейдің қара лашығында көшіп-қонып жүрміз, ақ киіз үйді кинодан ғана көреміз, темірмен бекітілген уықтар шыдамай шашылып қалады, ер-тұрман, арба, шанаға зәруміз деп мені ұялтты. Осы айтқан кемшіліктерді тездетіп түзету үшін не керек, бәрің айтыңдар» дейді ғой. Сонымен шілденің 15-і күні Қазақ КСР Орман және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрі Молдан Әлдербаев, Қазақ КСР Тұрмыстық қызмет көрсету министрі Ғибрат Мырзағалиев, Қазақ КСР Жеңіл өнеркәсіп министрінің орынбасары Кенжеғали Жаулыбаев және өзгелері қатысып, алғашқы хабарда киіз үйдің саны мен сапасы төңірегінде әңгіме өрбіді. Осылайша малшының мұңын мұңдап, жоғын жоқтауда бірқатар министр, директорлар мен атпал азаматтардың еңбегі атап айтарлықтай, көпке шарапаты тиді. Орталық Комитет қызметкерлерінің, министрлердің тындырымды жұмыстары арқасында ақшаңқан киіз үй шығарылатын болды. Ол үшін Үштөбе киіз үй фабрикасының жұмысы жаңғыртылды. Әрине, оған менің хабарларымның да үлесі болса керек. Осындай циклды хабарларым тек киіз үйге ғана емес, ат арба, шана, ер тоқым, ат әбзелдері, қамыт, доға туралы өткір мәселелерге де арналды. Шын мәнісінде, ұлтқа байланысты құндылықтардың құны бір тиын болып тұрған сол кезеңде шопан тұрмысына қажетті бұлардың барлығы да құрып біту деңгейіне келе жатыр еді. Журналистік зерттеу жүргізіп, мәселе көтерген осы хабардан кейін жылына 30-40 мың ғана ер-тоқым жасайтын Георгиевка былғары комбинаты кейін оның санын 100 мыңның үстінде дейін жеткізді. Сапасы да түзелді.

**– 40 жылға жуық уақыт қазақ телевизиясында із қалдырып, тапжылмай қызмет еттіңіз. Теледидардың бүгініне көңіліңіз тола ма? Келешегінен не күтесіз?**

– Журналистика – уақыт айнасы. Заманына қарай түрленіп, дамиды. Көңіл қуантар жақсы істер көп. Алайда соңғы 30 жылда қазақ журналистикасының беделі төмендеді. Өткір сөз, ащы мақала я хабар жазу жайымен қалды. Бұл – алаңдататын жайт. Журналистер жасқаншақ болып қалды. Қайбір өзекті мәселені алса да, оны түбіне дейін зерттеп, зерделеп шешу, яғни журналистік зерттеу жоқ. Баспасөзде жазылады да қалады.

Сондықтан соңғы қаралып жатқан «Масс медиа туралы» занда журналист мәртебесі көтерілуі керек. Медиа саласының мінсіз жұмыс істеуіне барлық жағынан толымды болуы керек деймін.

Біздің кезімізде елдің төрінде еңбек адамдары, майталмандары отыратын. Қазір төрге шоу-бизнес жұлдыздары шықты. Мұның келешек ұрпаққа әсері қандай болады, осыны да ойланайық.

**– Кешегі дикторлар – бүгінгі жүргізушілер. Қазіргі жүргізушілерге бұрынғы дикторлықтың қандай әдіс-тәсілдерін меңгерген дұрыс?**

– Жүргізушінің ең бірінші үлгі алатын мектебі – Қазақ радиосының дүлдүлі Әнуарбек Байжанбаев мектебі дер едім. 60-жылдардың аяқ шенінде диктордан бірдеңе үйреніп қалармын деп, бірер күн соңынан ергенім бар. Сонда байқағаным, Әнуарбек Байжанбаев шындығында Қазақ радиосының қазанаты еді. Сөзі әңгіме болып басталып, ән болып аяқталатын. Хабар, очерк, не радиокомпозиция болсын, кез келген жанр оның «оң жамбасына» келе беретін.

Журналистиканың енді бір мектебі ретінде Қазақ телевизиясында 1980 жылдардан көріне бастаған Сағат Әшімбаев дер едім. Ол жай көрінген жоқ «Парыз бен қарыз» бағдарламасын ала келді. Өз басым хабарды көргеннен кейін «мен осы не бітіріп жүрмін?» деп өзіме сұрақ қойдым. Өзге әріптестерім де сондай күй кешкен болу керек.

Бізде апта сайын өткен хабарларға талдау жасалып, бір-біріміздің кемшілігіміз не артықшылығымыз айтылатын. Бір айтатыным, ол кезде сын күшті болды. Ал сын болмаған жерде өсу де болмайды. Сөйтіп, дикторлар ортасы осылайша тәрбиеленетін.

**– Әңгімеңізге рақмет!**

**Сұхбаттасқан**
**Индира БЕРЖАНОВА**

# ҚАНДАСЫМ, ҚАЗАҒЫМ-АУ...

## немесе бір ғасырда өзгердік пе?

Осы жылдың басында саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия материалдарының негізінде жобалық кеңсенің ұйымдастыруымен дайындалған көптомдық (31 том) жарыққа шықты. Көптомдықтың 23 томы Астана қаласының өңірлік комиссия мүшелері әзірлеген «Ақмола өңірі – архив құжаттарында (XX ғ. 20-40 жж.)» құжаттар мен материалдар жинағы шығып, архивтік құжаттарға тарихшы ғалымдар мен қалың көпшіліктің қолы жетті. Бұл жинаққа Ақмола өңірінде сол кезеңдегі қоғамның шынайы келбетін ашатын 222 құжат топтастырылды.



Осы заманның тарих дерегінің басы құралған жинақтың ішіндегі мына бір мақала оқырмандар назарына ұсынылып отыр. Бұл – №21 «Жас азамат» газетінде жарияланған Төлебай Нұралиннің «Қазақтың өтірік арызқұмарлары» жазбасы. Мақала Ақмолада 1919 жылы ақпанның бірінші жұлдызында жарық көрген екен.

«Бұрынғы Николай тұсында біздің қазақтың бір әдеті, өзіне қарсы партияда болғандарды «Түрікке ақша жинап берді, патшаға тіл тигізді һәм сөкті» деп жамандаушы еді. Николай түсіп, халық теңдік-бостандық алып, Уақытша үкімет тұсында: «партия дұшмандарын» мұқатуға, николайшыл, теңдікке, бостандыққа қарсы» деп араз адамдарын көрсете бастады. Уақытша үкіметті большевиктер қуып, билікті қолдарына алып, дәуірлерін жүргізе бастағанда, қазекең біреуінен-біреуі кек алу үшін: «Совет үкіметіне қарсы «буржай» (бай) «контрреволюционер», халықты бөлшектеуге қарсы оятып жүр» деп іс қыла бастады.

Большевиктер қуылып, айырылып қалған жаудың қолында, маталып қалған бостандық, теңдік қайтып келгендей болып, көзге елестеген заманда: «бірін-бірі большевик, большевиктің партиясына жазылған, совет үкіметі қайта орнайды деп айтады» деп жамандай бастады. Осы уақытта қайсыбір арызқұмарлардың қолжаулығы «Алашорда» болды. Араздасқан адамым «Алашорданың» көмекшісі, «Алаш партиясының мүшесі» деп көрсеткен арыздар көбейе бастады. Қандасым, қазағым-ау, ұят арға!

...Таспен жапалақты ұрса да, жапалақпен тасты ұрса да жапалақ өлмей ме? Осындай арыздарыңның рас-өтіріктігін былай қоя тұрып, «Николай һәм большевик» деп жамандағаның бірсәрі, [...] не?

Битке өкпелеп, тонын отқа салу, кек аламын деп ардан, намыстан һәм қаннан безу, жақынын жатқа жамандау қорлық емес пе? Құдай-ау, қашан түзелеміз, келемежден қашан құтыламыз?!.

**Ғазиза ИСАХАН,**
**Астана қаласының мемлекеттік архиві мекемесі ғылыми-зерттеу бөлімінің басшысы**



Сұлтан СЕЙІТ

**ҚАЗАҚ ЖЕРІН МЕКЕНДЕЙТІН ҚҰСТАРДЫҢ 147 ТҮРІНІҢ ІШІНДЕ АҚҚУ – КИЕЛІ, ТЕКТІ ҚҰС. БІЗГЕ БЕРІЛГЕН САНАЛЫ АДАМЗАТТЫҢ ӨМІР ТІРШІЛІГІНЕ ӨТЕ ҰҚСАС СӘЙКЕСТІКТЕР БАР. АҚҚУЛАРДЫҢ БОЙЫНА МЫНАДАЙ ҚАСИЕТТЕР ТӘН: ЖАРЫНА АДАЛДЫҚ, АҚ НИЕТ, СҰЛУЛЫҚ ПЕН СЫМБАТ, ТӘН ТАЗАЛЫҒЫ**

# АҚҚУЛАР ТАЛДЫКӨЛМЕН ҚОШТАСТЫ МА?

Қазақ елінде құстардың ішінде аққуларға ерекше құрметпен қараған. Олар көптеген рәміздерде, тас-таңбаларда бейнеленген, тойларда аққулардың мәңгілік махаббатын адам баласына тілеген және театр-балет көріністерінде көрсетіледі. Бұдан бөлек, аққуларға арналған әндер мен ақындардың жырлары халық ішінде өте көп тараған.

Біздің негізгі атамекеніміз – осы салынып жатқан Астананың Талдыкөл деген сулы-балшықты және қалың қамысты аймағы.

Жаздық құс қауымына деген азық қоры мол, жағасына қалың қамыс біткендіктен, аққулармен бірге қамысқа ұя салып, ұрпақ өрбітетін тағы басқа құстар қауымы бар, олар: барылдақ үйрек, ысылдақ шүрегей, италақаз, көк сүңгуір, қасқалдақ, саралақаз, ұзынсирақ балықшы, тауқұдірет, мойнақ шағала, көл шағаласы, өгіз шағаласы.

Бұдан бөлек, Қызыл кітапқа енген құстар бар, олар: сүйір тұмсықты шалшықшы құс, тазтырна, ақтырна, кейде өткінші қоқиқаздар келіп-кетіп жүреді.

Кеміргіштер отрядынан құнды терісі бар ондатра мекендейді және қара балық бар. Осы Талдыкөл маңайында өсетін биіктігі 2-3 метрлік қалың қамыс құстарға қолайлы қорған болып тұр.

Бұл көлде мекендейтін құстарға тіршілік қорегіне айналған азық өте көп. Мұнда су астындағы өсімдіктердің түр-түрі бар және бақа, құрт, құмырсқа, тағы басқа су жәндіктері мен ұлулар да тіршілік етеді.

Көптеген су және су маңы құстары осында ұялайды, одан басқа құстардың көбі ұшып келу-кету кезеңінде демалады, қоректенеді, жазғы түлеу өтеді.

Осы жыл ерекше төлді жыл болды, басқа аққулар 3-4 балапан шығарса, менің аналық аққуым алты жұмыртқадан бес балапан өмірге әкелді.

Талдыкөлдің айдынында орныққан құстар қауымы бейбіт-берекелі тіршілік кешуде, мәз-мейрам өмір сүріп, өскелең ұрпағын өрбітіп жатқан кез.

Мемлекет тұрғын үй сатып алуға ұзақ жылғы несие бағдарламасын ашқандықтан, халықтың пәтерге деген сұранысы еселеніп көбейген. Астананы салуға қомақты инвестиция салынғандықтан, құрылыс индустриясы қарқынды дамып, көпқабатты үйлер көз ілестірмей тез салынып, біздің көлдің жағасына да жетіп қалды.

Байқап отырсам, көпқабатты пәтерлер тез салынады екен, үйдің қаңқасын «кобра» деген қондырғымен тез құйып шығады екен, одан кейін газды блокпен қалап, оның сыртынан «isover» деген мақтаны шегелей салады екен, кейін терезені салып, үйдің сыртын алюкобондпен қаптайды.

Астананы салуға жұмысшылар күші әлі де жетіспейді, мұнда еңбек етіп, табыс көзін тауып жүрген сырт мемлекеттен келген қауым бар, олар: түрік, өзбек, тәжік, тағы да басқа ұлттар. Бұған қоса, ауылдардан келіп құрылыста жалданып жұмыс істеп жүрген – өзіміздің қазақтар.

Дамыған, қуатты, бай мемлекет – Біріккен Араб Әмірлігі теңіз үстіне қала салғанда, Қазақстан Түркістанда екінші «Венеция» салды. Сонда Қазақ елінің Біріккен Араб Әмірлігінен қай жері кем?! Бас жоспар бойынша Астананы салу үшін Талдыкөлді кептіріп, оның орнына көпқабатты үй салу сөз болып па?!

Жаздың ортасына келіп қалған кез, тал түсте қытайдың «Шайсман» деген 50 тонналық жүк машинасы тиеген құрылыс қалдықтарын көлдің жағасына гүрс еткізіп төкті, одан кейін осы машиналар Үлкен Талдыкөл мен Кіші Талдыкөл ортасын бөліп жол сала бастады, жоғарыдағы кішкене көлшіктердің суын мотормен сорып, Үлкен Талдыкөлге ағыза бастады.

Кіші Талдыкөлдің жағасындағы қалың жап-жасыл қамыстың үстіне ауыр жүк машиналары топырақты әкеліп, өсіп тұрған қамыстың үстіне төге бастады.

Бір күні түнде бір жауыз адам келіп, қалың қамысқа өрт тастап кетті. Үш-өрт сөндіруші машина түннің бір уағына дейін әрең сөндірді. Көлдің айналасы алай-дүлей, у-шу болып кетті. Жағалай өрт пен түтіннен көлді мекендейтін құстар қауымының тыныштығы бұзылды.

Адам факторының қатысуымен антропогендік кысым күннен-күнге күшейе түсті. Күнделікті дүрілдеген техниканың шуынан құстардың мазасы кетті, күннен-күнге үрей көбейіп, тіршілік мүмкіндігі азая берді.

2005 жылы Қазақстан сулыбатпақты аймақты сақтау туралы дүниежүзілік Рамсар конвенциясына қол қойған, бірақ ол орындалмай қалды.

Құстардың басына күн туып тұрған кезде қала адамдары жағдайымызды түсініп, бізге жаны ашып, күнде кешке келіп балапандарға нан тастайды. Балапандар адамға тез үйреніп, судың жағасына тастаған жемді жей бастайды, «сендер салмақ алып, күзде ұша алмай қаласыңдар» деген ескертуімді «тыңдамай» жаман үйреніп алды.

Құстардың бәрінің басында бір ой, ол – төніп тұрған қауіп-қатерден аман-есен шығып, осы күзге дейін жетілген балапандарын жылы жаққа алып кету.



Құс пен адамға тіршілік көзі болған Талдыкөл атамекенін құрылысқа айналдыру кімнің шешімі болса да, бұл халықтың талқылауына түспей қабылданған.

Ұлыбритания мемлекетінде сол елдің кез келген қарапайым азаматы Парламентке кіріп, өзінің талап-арызын, заңға өзгерістер енгізу туралы ұсынысын еркін айта алады және Парламент оның өтінішін қарап, шешімін шығарады. Ондай үрдіс бұрын Қазақ елінде де болған, батырлар халқын, жерін қорғаса, қоғамда қандай мәселе туса да, қазақ билері шешімді көпшілік қауымның қорытындысын ескере отырып, әділ шешім қабылдап, орындаған.

Қызыл империя тұсындағы қиын-қыстау жылдары қазақтың басына қуғын-сүргін, нәубет, ашаршылық туғанда, атамекенін тастап жан-жаққа тарыдай шашылып кетті. Басқа жат елдерге босып барған қазақтар аштықтың зардабына шыдай алмай, баласын сатып, зорлық-зомбылықты, әлімжеттікті көріп, басар тауы, барар жері қалмады. Атырау-Ақтау қазақтары Түрікменстанға қашты, одан әлімжеттік қысым көргендіктен, Иранға барып паналады. Қытайға ауған қазақтар одан қайырым көре алмай, 18 мың қазақ Тибет, Үндістан, Пәкістан, Ауғанстан асып, тек 1500 қазақ Түркияға жетіп паналаған, қалғаны көрмегенді көріп, жолда өлген. Жалпы саналы түрде қолдан жасалған бұл геноцидтен төрт миллионнан астам қазақ құрбан болды.

Бұл дүниеде атақоныс, атамекенінен айырылу – адамзат пен жануарлар әлеміне бірдей қасірет. Осы көлді мекендейтін құстардың да баратын жері, қонатын көлі қалмады-ау. Сулы, көлді мекендер жылдан-жылға тартылып, азайып барады.

Құстардың жылдағы келіп-кетіп жүрген атақонысы енді адамның қонысына айналды. Жаңа салынып жатқан құрылыстың баннерінде мынадай ұран жазылған: «Бұл – бақыт мекені». Ал Талдыкөлден айырылғандықтан, құстар қауымы үшін ол енді «елес мекені» болып қалды.

Көп ұзамай күз де келді, жылы жаққа қайтып бара жатқан аққулар керуені біздің көлге тыныстауға қонды.

Әлемдегі экологиялық тепе-теңдікті сақтамағандықтан, табиғи апаттар жылдан-жылға көбеюде. Атмосфераның ластануына байланысты қанаттылар «бұрынғы құс жолымен» ұшпай, амалсыз айналып, бағытын өзгертіп ұшады.

Ертеңгі күні біз де аққу керуеніне «қосылдық», көзден нөсерлеп аққан жас.

Қош бол, Талдыкөл, біздің сүйікті атамекеніміз, алтын бесігіміз!

Биіктікті алып, артымызға қимай қарай бердік, қарай бердік...

Талдыкөл де: «Қош болыңдар! Жолдарың болсын!» дегендей кішірейе берді, кішірейе берді...

**Игілік ӘМІРҒАЛИН,**
**Астана қаласы**

# КӨКТЕМГІ СЕНБІЛІКТЕР БАСТАЛАДЫ

Астана қаласында 2023 жылғы 8 сәуірден 6 мамырға дейін «Жасыл Астана» жалпықалалық экологиялық айлығы өтеді. Көктемгі санитарлық тазалау, абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарына бүкіл қала жұртшылығы жұмылдырылады.



Қалалық қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының мәліметінше, экологиялық айлық шеңберінде елорда тұрғындарының қатысуымен 2 жалпықалалық сенбілік 15 сәуір мен 6 мамыр аралығында және аудандық әкімдіктер мен коммуналдық қызметтердің күшімен 3 коммуналдық сенбілік 8, 22 және 29 сәуірде өткізіледі.

Соған қоса экологиялық айлық аясында қаланы, нөсер және арық-науалы кәріз желілерін санитарлық тазарту, көшелерді, тротуарлар мен орамішілік аумақтарды тазалау, саябақтар мен гүлзарлардағы жасыл желектерді күту бойынша маусымдық агротехникалық жұмыстары жүргізіледі. Сауда объектілеріне іргелес аумақтар жиналып, көгалдар мен гүлзарлар алаңдары орнатылады, рұқсат етілмеген қоқыс үйінділері және ластанған учаскелер жойылады.

Акцияға қатысуға қаланың барлық кәсіпорындары, МИБ-тер, шағын және орта бизнес субъектілері, оқу орындары, еріктілер мен қоршаған ортаның тазалығына бейжай қарамайтын қала тұрғындары шақырылады. Сонымен қатар, басқарма өкілдері елорда тұрғындары мен қонақтарын үй маңындағы аумақтарды тазалауға шақырады. Сенбілікке қатысушылар қолғаппен, қоқыс дорбаларымен және шанц құралдарымен, яғни күректермен, тырмалармен қамтамасыз етіледі. Елордадағы аудандар әкімдіктері тазалық жүргізілетін белгілі бір аумақтарды нақты ұйымдарға бөліп берді. Атап айтқанда, жалпықалалық сенбіліктерде тазалық жұмыстарын жүргізу үшін 125 ұйымға 125 телім берілді.

Мемлекет басшысының елордада жасыл желекті алаңдарды көбейту жөнінде берген тапсырмасын орындау үшін аталған айлық аясында әкімдікке бағынысты ұйымдар мен бизнес субъектілері жасыл көшет отырғызады, соған сәйкес Жоспар әзірленді. Тазалық айлығы кезінде 15 мыңнан астам жасыл желек отырғызу жоспарлануда. Жалпы көктемгі маусымда астанада барлығы 30 мың жасыл көшет отырғызылатын болады.

Сенбіліктер кезінде қаланың коммуналдық қызметтері сонымен қатар аудандар аумағындағы көпірлерді, одан соң ауданға көрік беріп тұрған белгілі тұлғалардың ескерткіштерін тазалап жууды қолға алады. Гүлзарлар, көлік жүретін және жаяу жүргіншілерге арналған жолдар тазартылып, аялдама павильондары, жол белгілері жуылып, қоқыс жәшіктері мен орындықтар сырланады. Әр аудан аумағында орналасқан саябақтар мен аулалар күл-қоқыстан тазартылып, ағаштарды кесу жұмыстары жүргізіледі. Сондай-ақ ағаштардың түбін қопсыту, қурап қалған бұталарды кесу және т.б. жұмыстар жүргізу жоспарланған.



№37 (4470) 30/03/2023 Бейсенбі

Астана қаласының тұрғыны Бибіғайша Есенбекова өткен жылдың қыркүйек айында бетіне пластикалық ота жасатқан-ды. Содан бері көңіл күйінен маза кетті. Әп дегенде бәрі ойдағыдай көрінген. Бірақ бір-екі апта өткенде иегінің асты қышып, тырысатынды шығарды. Келе-келе бетінің әр жері қызарып, сыздап ауырып, ісіне бастады. Ота жасаған хирургке қайта барды. Ал ол болса бірнеше дәрі жазып беріп, шыдау керек екенін, ешкім де пластикалық отаның ойлағандай нәтиже беретініне жүз пайыз кепілдік бере алмайтынын айтып, айды аспаннан бір-ақ шығарды. Міне, барлық сергелдең осыдан кейін басталды.



# ПЛАСТИКАЛЫҚ ОТА: ПАЙДАСЫНАН ЗИЯНЫ БАСЫМ БА?

Таңатар ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

### ЖАСЫРЫН ЖАРНАМАНЫҢ ӘЛЕГІ

Жандар Елемес өзін тәжірибелі дәрігер деп әлеуметтік желілерге бірнеше хабарландыру берген. Міне, сол жарнаманың біріне Бибіғайша да назар аударады. Телефон шалған бойда ол өзін пластикалық ота жасаудың майталман маманы екенін айтып, «сіз дұрыс хабарластыңыз, біз сізге кейбір жеңілдіктерді де ұсына аламыз» деп оны одан сайын қызықтыра түседі. Шындығында, бұрын пластикалық ота дегенді тек газет-журналдан оқып, теледидардан көргенінен басқа еш хабары жоқ келіншекке хирургтің «пейіліңіз бен ниетіңіз болса, 10-15 жасқа жасарып шыға келесіз» деген сөзі әсер етті ме, әйтеуір көп кешікпей ол аталған мекенжайдың қоңырауын басады.

Операция сәтті өткен сияқты еді, бірақ келіншектің сенімі ақталмады. Денесі күнде сыздап ауырып, мазасы кетті. Кейін мамандар ол таңдау жасаған маман-дәрігердің қателескенін тайға таңба басқандай көрсетіп берді. Көзі мен иегінің айналасындағы теріні шамадан тыс көбірек алып жіберген болып шықты. Соның салдарынан бет терісі тырысып, тамыр соғысы қиындайтын болған.

Әділдік іздеп сотқа жүгінді. Сөйтсе өзін «осы саланың нағыз маманымын» деп таныстырған адамның мұндай ота жасауға рұқсаты да (лицензия) болмай шыққан. Бірақ бұған дейін де ол 10-15 адамға ота жасап, бәрі сәтті болғанын, ешкім оның үстінен арызданбағанын айтып, ақталып әлек болды. Дегенмен сот оған қомақты айыппұл салып, бұдан былай мұндай кәсіппен айналысуға қатаң тыйым салды. Ал Бибіғайша жіберген шығынын қайтарып алып, қайтадан басқа хирургке барып, бірнеше ота жасатқанмен, көз жанары мен бет терісінің бұрынғы пішімін қалпына келтіре алмады. Соған қарамастан, бүгінгі таңда елімізде әйелдердің де, ерлердің де пластикалық ота жасатуы азаймай келеді. Мәселен, тек өткен жылы ғана Астана қаласында 112 әйел адам, 24 ер адам қандауырдың көмегімен бет әлпетін әдемілепті.

### БҰЛ ШАРИҒАТҚА ҚАЙШЫ

Дінтанушы Тәжібай Нұралы мұндай мәселеге түпкілікті қарсы екенін жасырмады.

«Алла Тағала әр адамды көркем ғылып жаратады. Өмірдегі тосын жағдайлардан болған (жол апатынан, күйіп қалудан, тағы басқа жайлар) кемістіктері болмаса, «қалқан құлағымды кішірейтемін, мұрынымды қырлаймын, қасымды керемін, иегімді түзеймін» деп пластикалық хирургке бару, біріншіден, шариғатқа қайшы; екіншіден, астамшылық. Олай дейтінім, дені сау адам өз еркімен «пышаққа түспейді», денесін кескізбейді. Онда үлкен қауіп жатыр. Наркоздың өзі адам ағзасына өте зиян. Міне, мұны әсіресе өрімдей жастар түсінсе деймін».

Расында да, маман-дәрігерлердің айтуынша, пластикалық отаға тілек білдірген адамның бірінші денсаулығына толыққанды талдау жасау керек екен. Ол ең әуелі бір-екі ай дәрігердің бақылауында болып, қаны, жүрек соғысы, дене бітімі түгел тексерілуі қажет. Егер сәл де болса денсаулығында кінәрат байқалса, өзі емдеп барып, содан кейін ота үстеліне жатқызылуы тиіс. Ал бізде көбіне ақшасын төлесе болды, қан талдауын да жасамастан бірден бет-әлпетін «әрлеуге» кіріседі. Сосын барып «артық жасаймын деп тыртық жасап» қыз-келіншектердің қиналып жүргені.

2022 жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі медициналық ұйымдардың заңсыз қызметпен айналысқан (лицензиясыз) жеті фактісін анықтаса, осы салада сертификатсыз қызмет көрсеткен тоғыз дәрігердің қызметін тоқтатқан. Ал 2021 жылы сапасыз косметология жасаған медициналық және медициналық емес мекемелердің үстінен 18 арыз-шағым түскен. Мемлекеттік орган соның бесеуін тексеріп, төртеуіне жаза қолданды. Ал өткен жылы осындай қызметке 20 адам наразылық білдіріпті. Сапасыз пластикалық отадан зардап шеккендер саны әсіресе Астана, Алматы, Шымкент, Қарағанды, Қостанай қалаларында басым болып отыр. Ал олардың жалпы саны еліміз бойынша қанша екенін ешкім де тап басып айта алмайды. Өйткені олардың көбі жасырын, көзден таса жұмыс істейді. Тек адамдарға көпе-көрнеу зардап шектіріп, қылмысы анықталып қалғанда ғана әшкере болып жатады. Ал айлап, жылдап оңалту жұмысымен айналысып жататыны қаншама...

Клиникалардың мәліметі бойынша Қазақстанда пластикалық ота, негізінен, блефаропластика (қасты керіп, көзді үлкейту), маммопластика (қыз-келіншектердің омырауын ұлғайту), липосакция (денедегі майды жою), бетті тартып, мұрынның пішімін өзгертуге жасалатын көрінеді. Ал осыларды көбіне қалтасын қампиту үшін маман емес, көлденең көк аттылар істеп жататыны өкінішті-ақ.

### ҮНСІЗ ҚАЛУҒА БОЛМАЙДЫ

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ қызметкерінің айтуынша, пластикалық хирургия мамандығы бойынша еліміздің денсаулық сақтау саласында лицензиясы бар барлығы 89 маман бар екен. Олар арнаулы медицина жабдықтарымен жабдықталған клиникаларда жұмыс істейді. Әр дәрігердің осы мамандыққа сәйкес кем дегенде бес жылдан жұмыс өтілі бар.

Ал басқа қаптаған жекеменшік клиникалардың көбі – заңсыз жасырын жұмыс жүргізетіндер. Заң бойынша ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Медицина және фармацевтикалық бақылау комитеті косметологиялық кабинеттер мен жекеменшік клиникаларды тек пациенттерден арыз-шағым түскен кезде ғана тексере алады.

«Қазақстандықтар мұндай келеңсіздікке тап болып тұрса да, арыз-шағым түсіруге онша асыға қоймайды. Содан келіп осындай жалған оташылар жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай көбейіп отыр» дейді отыз жылдық еңбек өтілі бар тәжірибелі дәрігер, медицина ғылымдарының докторы Өтебай Ғарифуллин.

Шындығында, пациент маманға келіп тұр ма, әлде қой терісін жамылған жалған хирургке келіп тұр ма, оны өзі анықтауына болады. Ол үшін дәрігердің мемлекеттік үлгіде берілген ресми құжатын сұраса жетіп жатыр. Сол құжатта маманның «пластикалық хирург», «дерматокосметолог», «косметологияға маманданған дерматовенеролог» деген сияқты атқаратын қызметі тайға таңба басқандай жазылып тұрады. Сондай-ақ, дәрігердің сертификатын eGov арқылы да тексеруге болады. Әрі ота SPA-ға байланысты шаштараз, тырнақты әсемдеу сияқты кабинеттерде емес, арнаулы мамандандырылған клиникаларда немесе косметологиялық кабинеттерде өтуі керек. Бұған қоса, ота кезінде тек Қазақстанда тіркелген дәрі-дәрмектер мен дәрілік заттар қолданылуы керек.

Жалған оташылардың әрекетіне үнсіз қалуға болмайды. Көбі жылдар бойы оңалту шараларын алып, сәтсіз операциясына мән бермей жүре береді. Бұл мүлдем дұрыс емес. Ондай клиникалардың ісін бірден сотқа беру қажет. Әйтпесе олардың кесірінен бұрынғы түріне де зар болып, денсаулығын құртатын жандардың қатары көбейе береді. Сондықтан денеңізде қандай да бір ақау болып, пластикалық ота жасатуға тура келетін болса, оны тек тексерілген, тәжірибелі маман-дәрігерге ғана жасатыңыз.

# ТУБЕРКУЛЕЗГЕ ШАЛДЫҒУ АЗАЙДЫ

Елордада туберкулез бойынша эпидемиологиялық жағдай жақсарып келеді. Соңғы бес жылда сырқаттану 29,3 пайызға төмендеді. Бұл туралы онлайн брифингте Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Гүлназ Досмырзаева мәлімдеді.

Аталған мерзімде туберкулезден көз жұматындар саны 39,3 пайызға төмендеген, бұл туберкулез бойынша эпидемиологиялық жағдайдың жақсарғанын көрсетеді. Қазір елордада қала тұрғындарына профилактикалық флюорографиялық тексеру жүргізу үшін ведомстволық бағынысты МСАК ұйымдарында 19 стационарлық және 12 жылжымалы флюорографиялық қондырғы бар. Үш МСАК ұйымында (№4, 5, 7 емханада) және қалалық фтизиопульмонология орталығында ауруды диагностикалаудың жоғары сезімтал гендік-молекулалық әдісінің көмегімен туберкулездің бар-жоғына пациенттерді тексеру жүргізіледі. Зерттеу екі сағат ішінде патогеннің бар-жоғын анықтап қана қоймай, сонымен қатар, дәріге



сезімталдықты анықтауға мүмкіндік береді, яғни емдеудің тиімді режимін тағайындайды.

– Сонымен қатар, амбулаториялық кезеңде ем алатын, туберкулезбен ауыратын науқастарға елордада әлеуметтік қолдау көрсетіледі. Осыған дейін азық-түлік жиынтығы мен жол жүру картасын бөлу түрінде, ал 2019 жылдың екінші жартыжылдығынан бастап 10 АЕК мөлшерінде ай сайынғы ақшалай төлемдер түрінде қолдау көрсетіліп келеді. Ауруды бақылауды қамтамасыз етуде «жоғары тәуекел» топтарында туберкулезді анықтау бойынша серіктес ретінде үкіметтік емес ұйымдарды бұл жұмысқа тарту маңызды, – деді Г.Досмырзаева.

Биыл 24 наурызда елордада қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы өткізген «Біз туберкулезді жеңе аламыз!» айлығы аяқталды. Оның аясында халықтың туберкулез мәселелері бойынша мәліметтерді көбейтуге және осы аурумен күресте қоғам белсенділігін арттыруға бағытталған көптеген іс-шара өткізілді. Осы жылы Дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күні бүкіл қоғамның күш-жігерін ортақ мақсатқа – өмірді сақтауға бағытталған.



# КАДР ТАПШЫЛЫҒЫН КЕМІТЕДІ

Астанада медицина кадрларының тапшылығы мәселесі бойынша жиналыс өтті. Қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Тимур Мұратов медициналық ұйымдардың бас дәрігерлеріне кадр тапшылығын азайту жөніндегі жұмысты күшейтуді тапсырды.

Елорданың бас дәрігері атап өткендей, өткен жылы бөлінген жас мамандардың есебінен мемлекеттік денсаулық сақтау секторында медицина кадрларының тапшылығы 94,4 пайызға азайған. Кадр тапшылығын төмендету мақсатында басқарма толық әлеуметтік пакетті ұсынуға, жоғары біліммен қамтамасыз етуге көңіл бөледі.

– 2020 жылы жергілікті бюджеттен 243 орынға грант бөлінді, оның ішінде 2022 жылы 151 жас маман оқуын бітіріп, жұмысқа орналасты, ағымдағы жылы 92 жас маман келеді деп күтілуде, – деді Тимур Мұратов.

Осы оқу жылына жергілікті бюджеттен 19 мамандық бойынша 128 орынға грант бөлінді. Сондай-ақ, жергілікті бюджет қаражаты есебінен 2022 жылы шетелде және ел ішінде 800-ден астам адам оқытылды. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстар жалғасады.

Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ



# МЕШІТ КӨПТІК ЕТПЕЙДІ...

## МЕКТЕП САЛУДЫ ДА ЖАНДАНДЫРАЙЫҚ

### МЕШІТ САЛУДЫҢ ЗАҢДЫЛЫҒЫ ҚАЛАЙ?

Деректерге сүйенсек, мешіт салуға тыйым салынған мұсылман елдері де бар. Өйткені халық санына шаққанда жеткілікті. Бұл – мешіттің мөлшерден артық салынуы да дұрыс емес деген сөз.

Мешіттің имамы, салынатын орны, салу себебі, жамағат саны нақты көрсетіледі. Осының бәрі ескеріліп, қолдаған жергілікті қауымдастықтың хаттамасы қажет. Ол болмаса, мемлекет құрылысты бастауға рұқсат бермейді. Яғни қауымдастық қолдамаса, ол жерге мешіт керек емес деген сөз.

Тағы бір ескерер жайт, мемлекет діни ғимараттардың қаржы саясатына араласпайды. Заңдылығын ғана реттейді. Барлығы демеушілердің есебінен жүргізіледі. Мемлекеттен қаражат бөлінбейді. Кім көрінген қалаған жеріне мешіт сала алмайды. Оның бәрі құқықтық негізде реттеледі. Облыс немесе қала әкімінің қаулысы негізінде аймақтарда мешіттің құрылысы жүргізіледі. Кейін оларды тіркеп, мүфтият меншігіне өткізеді. Тіркеуден өткен соң, діни рәсімдер өткізуге болады.

Көп жерде тұрғындар намаз оқитын жер таппай қысылады. Қаланың я ауылдың бір шетіне барғанша біраз уақытын жоғалтады. Мешіттердің салынуы осындай қажеттіліктен туындайтыны түсінікті де. Ал кейбір салынған мешіттердің қараусыз қалып жатқанын да байқаймыз. Оны ұстап тұру да оңай емес. Имамдардың айлығы, мешіттің коммунальдық қызметі, көмірі және тағы басқа да қажетті дүниелері бар. Мешітті салған азаматтар осы жағын ескерсе құба-құп. Осының бәрін мойнына алып, өз салған мешітін осындай көмекпен қамтып отырған азаматтар да бар. Сондықтан мешіт салам деушілерге де, мектеп салуға да еш қарсылығымыз жоқ. Ал мектеп, зауыттан тапшылық бар. Ол – мемлекеттің құзыретіндегі шаруа.

Құран Кәрімде: «Мешітті Аллаға иман келтіргендер, намазын толық оқушылар, зекетін берушілер, Аллаға қараған адамдар салады» деген аят бар. Мұхаммед пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Кімде-кім жер бетінде құстың ұясындай мешіт салса, оған жәннаттан үлкен сарай нәсіп етіледі» дейді. Құстың ұясындай мешіт болмайды. Мұнда оның сауабының үлкен екені айтылып тұр. Мәселен, Қарқаралыда Құнанбай қажы салғызған мешіт бүгінде аудандық мешіт қызметін атқаруда. Қаншама уақыт өтсе де, жөнделіп, ел игілігіне жарап отыр. Демек, мұның сауабы мол іс екені баяғыда-ақ дәлелденген. Ал Ахмет Байтұрсынұлы салғызған мектеп Ақтерек ауылында тұр. Бұл да тарихи әрі пайдасы мен сауабы мол ғимарат. Өйткені сол мектептен Алаштың небір ғұламалары білім алып, елі үшін аянбай қызмет етті.

> Қазір жер-жерде қаржысы барлар «Алланың үйі» деп мешітті қаптатып салып жатыр. Ислам шариғатында сауабы үзілмейтін жақсы амалдың бірі мешіт, медресе салу екені анық. «Мешіт – Алланың үйі» екені рас, адамның жаны тазарып, рухани кемелденеді. Әрине, имандылыққа бет бұрған, мұсылман болған жақсы ғой, бірақ мешітке кеткен қаржыға оқу ордаларын салып, жаңа жұмыс орындарын ашса, өнім өндірсе, жол, көпір салса, қаншама адамның сауабына қалып, отбасындағы күйіп тұрған мәселелер шешілер еді.

### ДІН МАМАНДАРЫ ЖЕТКІЛІКТІ МЕ?

Тағы бір мәселе – сол мешіттерде халықты діни сауаттылыққа шақыратын имамдардың білімі мен біліктілігін арттыру, сауатты мамандарды көптеп тарту. Өткен жылы республика бойынша 1227 имам білімін жетілдіріп, 18035 адам сауат ашты. Бұл туралы елордада өткен ҚМДБ төралқа мәжілісінде діни білім және кадр даярлау бөлімінің меңгерушісі Смайыл Сейтбеков баяндады.

«2021-2022 оқу жылы ҚМДБ оқу орындарын 603 түлек бітірді. Оның 220-сы Нұр-Мұбарак университетін тәмамдады. Биыл Нұр-Мұбарак университетін бітірген 120 түлек, медресе-колледждерді тәмамдаған 217 түлек қызметке орналасты. Ал қалған түлектердің бірқатары білім жолын жалғастырса, бірқатары өзге салаларда қызметке орналасты» деді Смайыл Сейтбеков.

Бөлім басшысының баяндауынша, биыл Ислам институтынан 158 имам білімін жетілдіріп шықты. Діни сауат ашуға қатысқан жалпы жамағат саны – 18035 адам. Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының тапсырмасына сәйкес, мешіттерде, діни сауат ашу курсынан бөлек, «Құран жаттау» және «Намаз үйрену» курсы да бар. Нәтижесінде биыл Құран жаттау курсы 905 мешітте ұйымдастырылып, 16721 адам қатысса, намаз үйрену курсы 17267 адамды қамтыған.

Айта кетейік, бүгінде елімізде барлығы 2752 мешіт бар. Осы мешіттерде 4728 дін қызметкері жұмыс істейді. Биыл 77 мешіт ел игілігіне берілді. Бұл туралы елордада өткен ҚМДБ төралқа мәжілісінде мешіт істері бөлімінің меңгерушісі Марат Жаппасбаев баяндады.

Жалпы бүгінде діни басқармаға қарасты 447 намазхана Google, Яндекс секілді электронды карталарға орналастырылып, мешіт атауымен бірге қойылған.

> Қазіргі таңда елордада **236757** бала контингенті бар **162** жалпы білім беретін мектеп бар. Бүгінде қаламызда бала саны шамадан тыс **18** мектеп, үш ауысымды **8** мектеп жұмыс істейді. Оқушылардың орын тапшылығы **26** мыңды құрайды

### ТАПШЫЛЫҚ ТУЫНДАП ОТЫР

Алайда қалада жалпы білім беретін мектептерде және ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы мектептерде орын тапшылығы, үш ауысымды оқыту, педагог кадрлардың, сондай-ақ, балабақшалардың тапшылығы проблемасы сақталуда. Мұның бәрі оқу сапасына өз әсерін тигізеді. Сондықтан елорда әкімдігі мен Оқу-ағарту министрлігі бірлесіп, шешу жолдарын айқындап, үстіміздегі жылғы 17 ақпанда елорданың білім беру жүйесін дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған жол картасын қабылдады.

Қазіргі таңда елордамыздың білім беру жүйесінде 327218 баланы қамтып отырған 653 білім ұйымы жұмыс істеуде (243-і – мемлекеттік, 410-ы – жекеменшік).

Жалпы білім беретін мектептердің желісі жыл сайын артып келеді. Мәселен, соңғы 3 жылда 64500 орындық 36 мектеп пайдалануға берілді. Жыл сайын оқушылар контингенті 21 мыңнан артып отыр. Бұл жылына шамамен 10 мектепті пайдалануға беру керек дегенді аңғартады.

> Бүгінгі таңда ҚМДБ-ға филиал болып тіркелген **2752** мешіт бар. Оның **20**-сы – облыстық, аймақтық орталық мешіт, **418-і** – қалалық мешіт, **173-і** – аудандық және **2141-і** – ауылдық мешіт. Сондай-ақ қазір еліміз бойынша жалпы **447** намазхана, ал Астанада **1,5** миллионнан астам халық бар. Мешіттің жалпы саны **20**-ға жетпейді. Оның үстіне үлкен мешіттердің көбі қала орталықтарында болғандықтан, қала шетіндегі тұрғындарға құлшылық үйі әлі де жетіспейді. Соған қарағанда, қала ортасынан ірі мешіттерді сала бергенше, қала шетіндегі тұрғындар көп шоғырланған өңірлерде шағын мешіт те салған дұрыс деп санаймыз

Қазіргі таңда елордада 236757 бала контингенті бар 162 жалпы білім беретін мектеп бар. Бүгінде қаламызда бала саны шамадан тыс 18 мектеп, үш ауысымды 8 мектеп жұмыс істейді. Оқушылардың орын тапшылығы 26 мыңды құрайды.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 2023 жылы басталып, 2025 жылы іске қосылатын екі ауысымда 88800 орындық 24 мектеп салу жоспарлануда. Бұл қабылданған шаралар қазіргі мектеп тапшылығы мәселесін шешіп қана қоймай, келешекте орын тапшылығы мәселесін де толығымен жояды.

**P.S:** ***Мешітпен қатар мектептер салуды, жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз ететін өндіріс орындарын ашуды жедел қолға алу қажет.***

**СҰРАҚТАР МЕН ЖАУАПТАР**

# ОРАЗАНЫ НЕ БҰЗАДЫ ЖӘНЕ НЕ БҰЗБАЙДЫ?

Рамазан айында көпшіліктің тарапынан оразаға қатысты алуан түрлі сұрақ туындайтыны белгілі. Ораза тұтқан жандарды әсіресе оразаның шарты, бұзатын және бұзбайтын амалдар, Қадір түнін қарсы алу, жолаушы мен науқас адамның оразасы, әйелдерге қатысты жағдайлар, пітір садақа мен зекет беру туралы сұрақтар толғандырады. Осыған орай, біз газеттің бүгінгі санынан бастап «Оразаға қатысты сұрақтар мен жауаптар» деген айдармен өзекті сұрақтар мен олардың жауаптарын жариялаймыз.

**Сұрақ:** Рамазан айы оразасының парыз екеніне дәлел бар ма?

**Жауап:** Рамазан оразасы – исламдағы 5 парыздың бірі. «Бақара» сүресінің 183-аятында Алла Тағала: «Уа, иман келтіргендер! Ораза, бұрынғыларға парыз етілгендей, сендерге де парыз етілді» деп бұйырады. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өз хадисінде: «Ислам бес негізге құрылған: Алладан басқа Құдай жоқ екеніне, Мұхаммед Алланың құлы әрі елшісі екеніне куәлік ету, намаз оқу, зекет беру, рамазан оразасын ұстау және шамасы жетсе қажылыққа бару» деген.

**Сұрақ:** Рамазан айындағы ораза кімдерге парыз?

**Жауап:** Балиғат жасына толған, ақыл-есі дұрыс, жолаушы емес әрбір мұсылман ер мен әйелге парыз. Яғни мұсылман болуы, балиғат жасына толуы, ақыл-есі дұрыс болуы, ораза ұстауға күші жетуі және тұрғылықты жерінде болуы шарт.

**Сұрақ:** Оразаны арықтау, яки көппен бірге ұстай салайын деп ұстауға бола ма?

**Жауап:** Оразаны тек арықтау үшін немесе денсаулығым жақсарсын деп, яки көппен бірге ұстау дұрыс емес. Әуелі ниетті түзеп, бір Алланың разылығы және парыз болғаны үшін ұстайды. Сонда Алланың разылығын да алады, денсаулығына да оң әсері тиеді.

**Сұрақ:** Сәресіге ұйықтап қалып, күні бойы ешнәрсе ішіп-жемесе, ораза ұстаған болып санала ма?

**Жауап:** Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «ашура» күнін хабарлаушы кісіге: «Кім бір нәрсе жеп қойған болса, аузын күннің соңына дейін берік етіп тәмамдасын. Ал ештеңе жемеген болса, сол күйінше жемесін (ораза ұстасын)» деп жар салуын бұйырды. Демек, сәресіге ұйықтап қалған адам ұйқысынан тұрғанда нәр татпастан ниет етіп оразасын жалғастырады. Бастысы, таңертең ешнәрсе ішіп-жемеуі және түске дейін ниет етіп үлгеруі тиіс.

**Сұрақ:** Сәресіге тұрмай ораза ұстауға бола ма?

**Жауап:** Иә, олай да ораза тұтуға болады. Алайда Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Бір жұтым су ішсеңдер де сәресін үзбеңдер. Өйткені Алла Тағала мен періштелер сәресіге тұрғандарға жақсылық тілейді» деген өсиеті бар. Сәресіге тұрып ас ішу немесе ең болмағанда су ішу, құрма жеу күні бойы адамға қуат береді.

**Сұрақ:** Қандай жағдайларда ораза бұзылады және оны өтеу қажет?

**Жауап:** Ораза кезінде әдейі ішіп-жеу және жұбайымен жақындасу оразаның қазасын және жазасын өтеуді міндеттейді.



**Сұрақ:** Тамағына шыбын кіріп кетсе ораза бұзыла ма?

**Жауап:** Аузына шыбын байқаусызда кіріп кетсе, оразасы бұзылмайды.

**Сұрақ:** Ораза кезінде моншаға түсуге бола ма?

**Жауап:** Ораза кезінде моншаға бармаған дұрыс. Өйткені адамды әлсірететіндіктен және буда отырғанда ішке су кіріп кету қаупі жоғары болғандықтан, ораза уақытында бармаған дұрыс. Моншадан кейін шөлдеу, әлсіреу жағдайы орын алатындықтан, оразаның бұзылуына себеп болуы мүмкін.

**Сұрақ:** Ораза кезінде әйелін (күйеуін) құшақтап, сүюге бола ма?

**Жауап:** Айша анамыз: «Оразада Пайғамбар (с.ғ.с.) жарларын құшақтап, сүйетін еді, алайда басқаларға қарағанда ол өз-өзіне ие болатын» деген. Бұл жерде ескеретін жағдай, әйелін сүйгенде шәует бөлініп кетпейтініне және жыныстық қатынасқа түсіп қоймайтынына сенімді болса, сүюіне рұқсат. Сенімді болмаса, сақтанған жөн. Ал баланы иіскеп сүюдің еш сөгеттігі жоқ.

**Сұрақ:** Балиғатқа толмаған балаға ораза ұстау міндет пе?

**Жауап:** Жоқ, балиғат жасына толмаған балаға ораза міндет емес. Алайда балиғатқа дейін ораза ұстауды үйрене бастауы сүннет амалға жатады.

**Сұрақ:** Рамазан айында кімге ораза тұтпауға рұқсат етіледі?

**Жауап:** Алыс сапарға шыққан жолаушы, ораза ұстаса ауруы асқынып кететін науқас, жүкті әйел және бала емізетін ана разаман оразасынан уақытша босатылады.

**Сұрақ:** Егер ораза кезінде әлсіздікті сезінсе, оразасын бұзуға бола ма?

**Жауап:** Егер аузы берік адамның оразаны жалғастыруы ауыр болып жатса, ол күндері оразаны тоқтата тұруға болады. Алайда жеңіл-желпі қиналғанға бола оразасын бұзуға тыйым салынады. Шын мәнінде, өзін жайсыз сезініп, денсаулығына қауіп төнер болса, оразасын ашуға болады.

**Сұрақ:** Рамазан айында неке қидыруға бола ма?

**Жауап:** Бұл айда неке қидыруға рұқсат. Бірақ ерлі-зайыптылар ауызашарға дейін жыныстық қатынасқа түсуге болмайтынын ескергені жөн.

**(Жалғасы бар)**

**«Оразаға қатысты 200 сұрақ» атты кітапшадан алып, дайындаған Төлен ТІЛЕУБАЙ**

# ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҰЛЫҚТАЙЫҚ

Бүгінгі таңда XXI ғасыр табалдырығын еркін аттаған ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындап, педагогика ғылымында ұлттық сананы қалыптастыру көкейтесті мәселенің бірі болып отырғаны анық. Сондықтан келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу қажет.

Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беруде «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн» деген қағидалы тұжырымды бір сәт естен шығару мүмкін емес сияқты. Олай болса басты мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу.

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

– оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;

– жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;

– ана тілі мен ділін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;

– жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру.

Ғасырлар бойы халық тұрмысымен біте қайнасып, ұлттық дәстүрді бойына сіңірген мақал-мәтелдер, халық өлеңдері, ертегілер, аңыз-әңгімелер, айтыстар өз Отанын шексіз сүйетін, білімді, іскер, адамгершілігі мол, парасатты, мәдениетті, жан-жақты жетілген ұрпақ дайындауға негіз бола алады.

Ұлттық салт-дәстүрді, ұлттық болмысты көрсету кез келген ақын-жазушының шығармасында кездеседі. Ұлттық тілден ұлттың болмыс-бітімін тани білген ұлы ақын М.Жұмабаев «Ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай анық көрініп тұрады» деген еді. Шындығында, бұл айтылған пікірдің дәлелді, анық екенін өзіміз оқытып отырған тіл-әдебиет пәні шығармаларынан анық байқаймыз. Әрбір жазушы мен ақынның немесе ұлы тұлғалардың туындысы – ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан ұлы өнегенің таусылмас қайнар көзі. Халқымыздың мақтанышы болған ұлы тұлғаларымыздың шығармаларындағы ұлттық болмыс пен құндылықтарды оқушы санасына талдай отырып жеткізу – пән мұғалімдерінің құзыретінде. Қазақ әдебиетін ұлттық құндылық ретінде таныту – бүгіннің өзекті мәселесі. Себебі әдебиет пәні арқылы оқушылардың рухани дүниесі байиды, туған тілін сүюден адамзатты құрметтеуге дейінгі сезімдері тәрбиеленеді. Ақын-жазушылардың шығармаларын оқу арқылы жасөспірімдер еліміздің тарихы, оның ғасырлар қойнауында қалған сөз сырын көкейге түйіп, сол арқылы халықтың арманы мен қиялын, болашақтан күтер үмітін байқайды. Халықтың рухани байлығын әдебиет пәні арқылы жан-жақты игерген тұлға сол арқылы имандылыққа, инабаттылыққа, парасаттылыққа өзін-өзі тәрбиелейді. Оқыту үрдісінде қазақ әдебиетін ұлттық құндылық ретінде таныта білу – мұғалімнің шеберлігі.

Атап айтар болсақ, ұлттық салт-дәстүрді, ұлттық болмысты көрсету кез келген ақын-жазушылар шығармаларында кездеседі. Бірақ оны оқушы жүрегіне туған әдебиеттің ұлттық сипатын, ондағы халықтың әдет-ғұрып, салт-санасының көрінісін, жанрлық, стильдік ерекшеліктерін, туындының идеялық-адамгершілік түпкі мазмұн-мәнін игерту арқылы жеткіземіз.

«Оқығаныңды айтпа, тоқығаныңды айт» деген қағидалы сөз бар. Біз, тіл мамандары, әдебиет пәнін оқытуда осындай ақын-жазушыларымыздың шығармаларын тек мазмұндаумен ғана шектелмей, ондағы ұлттық болмыс пен ұлттық құндылықтарды білдіретін сөздерді талдай оқытсақ, ұтарымыз мол болмақ.

Әдебиетті ұлттық құндылық ретінде оқыта білу барысында мұғалім әр шығарманың өзіндік ерекшелігін саралай отырып, оқушылардың көркем туындыға байланысты әсерлерін толықтыруына, көркем сөз құдіретін түсіне білуге, әр шығарма негізінде үлкен ой, үлкен мәселе жататынын аңғара білуге баулиды.

Оқушыларды Отанды сүюге, адалдыққа, адами тазалыққа, ізгілікке, имандылық пен инабаттылыққа, салт-дәстүрді құрметтеуге үйретіп, баулу – әрбір ұстаздың абыройлы парызы мен қарызы. Ол үшін мұғалім қазіргі заманға лайық өзінің білім беру ісінде рухани, этно-мәдени дәстүрлерді сақтап, дамыта отырып, шығармашылық ізденіспен жұмыс істеп, өмірге еніп жатқан жаңа технология мен техниканы меңгерген, білігі мен білімі жоғары ұлағатты тұлға болуы тиіс.

Бүгінгі мектептің басты міндеті өзіндік ой-көзқарасын ашық айта алатын, өмірге бейім тұлға қалыптастыру болса, оған мұғалімнің шәкіртіне деген сүйіспеншілігі, оны тұлға ретінде бағалауы баланың адамдық қасиеттерінің дамуына басты кепіл бола алады.

Жеке тұлғаны азаматтыққа, өз Отанын сүюге, адами қасиеттерін қалыптастыруда патриот ақын Махамбеттен бастап, ұлы тұлға Абайдың, жыр алыбы Жамбылдың, әлемдік деңгейдегі классик суреткер М.Әуезовтің, тағы басқа ақын-жазушыларымыздың еңбектерінің орны ерекше екені бәрімізге белгілі.

Ғұлама ғалым әл-Фарабидің «Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы. Ол келешекте оның өміріне апат әкеледі» дегеніндей білім бере отырып, тәрбие беруді әрбір ұстаз жадында ұстауы шарт.



Ұлттық құндылық дегеніміз – тұтас бір жүйе. Оған халықтың көркем мәдениеті немесе халық өнері, сондай-ақ халықтың әлеуметтік және мәдени қауымдастық ретінде пайда болумен бірге туындаған әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, жол-жоралғылар, ұғым-түсініктер, дағды, көзқарастар жатады

Осы сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз. Олай болса тілді өмірмен тікелей байланыстыра оқыту – халық рухын дамыту, ұлттық құндылықтарды бағалау ретінде жеке тұлғаны қалыптастырудағы білім берудің рөлі ерекше.

Академик Ә.Қайдар халық мәдениетіне, ұлттық рухани болмысына төмендегідей анықтама береді: «Мәдениет» – жеке адамның басына тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін қамтитын өте күрделі ұғым. Бұл мәдениет – әрбір этносқа тән белгілі бір табиғи-әлеуметтік ортаға сәйкес қалыптасатын құбылыс. Өмір-тіршілік салты, ортақ тіл, ортақ дүниетаным, ортақ психология, т. т. – осының бәрін біз этнос мәдениетінен таба аламыз. Ал соның бәрін танып-білудің ең басты құралы тіл екенін мәдениеттанушы ғалымдардың бәрі мойындайды» (Қазақ тілінің өзекті мәселелері. А., «Ана тілі», 1998, 13-б).

Ұлттық құндылық дегеніміз – тұтас бір жүйе. Оған халықтың көркем мәдениеті немесе халық өнері, сондай-ақ халықтың әлеуметтік және мәдени қауымдастық ретінде пайда болумен бірге туындаған әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, жол-жоралғылар, ұғым-түсініктер, дағды, көзқарастар жатады.

Әрбір кейінгі ұрпақ өз жолын алдыңғы ұрпақтардың жеткен жерінен бастайды, жақсысынан үйренеді, жаманынан жиренеді. Өйткені салт-дәстүр – халықтың сан ғасырлық көркемдік ақыл-ойының жемісі. Ол қай тұста да, қай дәуірде де тек көненің көзі ғана болып қоймай, әрбір жаңа кезеңнің жанды этикалық тәрбие құралы ретінде де уақыт сынынан, ғасырлар асуынан мүдірмей өтіп отырды. Адамға ана сүтімен беріліп, бесікпен бойға сіңіп отырады. Осындай игі қасиеттерді ұлы тұлғалардың туындыларын оқыту арқылы ұрпақ тәрбиелейміз.

Жаңа заманның тарихын жазатын, кезінде бұрмаланған тұстарына әділ баға беретін, оның кемшін тұстарын толықтыратын – бүгінгі жас ұрпақ. Сондықтан да елімізде жүріп жатқан ауқымды өзгерістердің мәнін әділ пайымдау бәрінен бұрын жас ұрпақты тәрбиелеп жатқан мына бізге, мұғалімдерге, үлкен жауапкершілік жүктейді.

Олай болса біздің ұлттық өнеріміздің, мәдениетіміз бен дәстүрлеріміздің алдыңғы қатарлы үлгілерін, тіліміздің орасан зор байлығын жас жеткіншектердің жан дүниесіне сіңіріп, сол арқылы әлемдік рухани өркениеттің өріне шығып, нәр алу – бүгінгі талаптың маңыздысы. Ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл-кеңес, өсиеті, асыл мұрасы, ұлттық рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ана тілімен ұлттық мәдениетін қалыптастыру сезімін ояту – баршамыздың парызымыз. Сонда ғана ұлттық сана-сезімі толыққанды жетілген, туған елін еркін білетін, ұлттық сипаты мен ұлттық рухын жоғалтпаған ұрпақ тәрбиелей аламыз.

**Күлзипа ҚЫЛЫШБАЕВА,**
**Астана қаласы**
**№5 гимназия мұғалімі,**
**ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ы.Алтынсарин және «Астана қаласының құрметті педагогі» төсбелгісінің иегері**

